



СӘКЕН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КӨСЕМСӨЗІ

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚАҢҒЫБАС ИТТЕН ҚАУІП КӨП

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ



БАЛАЛАР ЕРТЕ СОЛМАСЫН

11-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

”

№146 (4734) Сенбі 7 желтоқсан 2024 жыл



# АСТАНА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ҮЙРЕТЕДІ

Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Abai.institute жобасы аясында қазақ тілін меңгерудің жаңа жолдарын ұсынады.

Шетелдегі қандастар мен қазақ тіліне қызығушылық танытқан азаматтарға арналған бұл бейнесабақтар кез келген жастағы тіл үйренушілер үшін ыңғайлы әрі қолжетімді болмақ.

Бейнесабақтарды кез келген уақытта оқуға болады. Тіл үйренуші дәрістерді онлайн форматта, ыңғайлы уақытта оқи алады. Әр тақырып 10 минутта қысқа әрі нақты түсіндіріледі. Әр сабақ деңгейлік тақырыпқа сай екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде теория түсіндірілсе, екінші бөлімде материал эпизодтық көріністер арқылы беріледі.

Бейнесабақтар Abai.institute порталында және TilQazyna YouTube арнасында жүктелген.

## ХАЛЫҚ САНЫ ҚАНША ӨСТІ?

Ұлттық статистика бюросы 2024 жылдың қаңтар-қазан айларында қазақстандықтардың саны 210 139 адамға өсіп, ағымдағы жылдың 1 қарашасындағы мәлімет бойынша халықтың жалпы саны 20 243 981 адам болғанын мәлім етті. Мәлімет бойынша 12 727 404 адам қалада, 7 516 577 адам ауылда тұрады. Әйелдер саны 10 353 239 болса, 9 890 742 ер адамдар болып отыр.



## БІЛІМНІҢ БАСПАЛДАҒЫ – БАЛАБАҚША

Бүгінгі таңда бас шаһарда 623 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 99-ы – мемлекеттік, 521-і – жекеменшік және 3-еуі – ведомстволық. Бұл балабақшаларда 71 008 елордалық бүлдіршін тәрбиеленуде. Ұлттық құндылыққа негізделген саналы тәрбие Астана қаласының барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі түрде жүргізілуде. Биыл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында дәстүр сабақтастығын жалғастыру мақсатында «Әжемнің ертегісі» жобасы енгізілді. Ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың іліміне негізделген «Абай аманаты» жобасының тәрбиелік маңызы айрықша.

## LRT: АЛҒАШҚЫ РЕЛЬС ТӨСЕЛДІ


LRT тәжірибелік бөлігінде жарты шақырым рельс төселді. Бұл туралы CTS компаниясы хабарлады.

– № 116 және № 117 станциялар арасындағы эстакада бөлігінде рельс жолының алғашқы 500 м төсеу аяқталды. Бұл сынақ кезеңі қысқы ауа райының LRT жоғарғы құрылымының жай-күйіне әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Рельс жолы арматуралық жақтау, шпалдар, рельстер және бекіткіштерден тұрады. Эстакаданың жалпы ұзындығы 22,4 км құрайды және оның бүкіл ұзындығына қос жол

салынады. Бұл пойыздардың жүруін, оларға қызмет көрсетудің және жөндеу жұмыстарын орындаудың ыңғайлылығын қамтамасыз етеді делінген компания хабарламасында.

Жолды төсеу заманауи технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылып жатыр.

Эстакада рельс жолдарын төседі аяқтау 2025 жылға жоспарланған.



ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН БЕРІ АСТАНАДАН

847 000

ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 552.19 \$ USD/KZT 524.65 ₰ RUB/KZT 5.14 ¥ CNY/KZT 72.23

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Президентке ведомствоның жыл басынан бері атқарған жұмысының негізгі қорытындылары және алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы есеп берілді.

Ермек Сағымбаев ұлттық қауіпсіздік органдары 4 террористік актінің алдын алғанын хабарлады. ҰҚК мәліметінше, терроризм мен экстремизмге қатысы бар 84 адам сотталған, 44 адам ұсталған.

Лаңкестік сипаттағы қылмыс жасады деген күдікпен іздеуде жүрген қазақстандық 6 азамат Сирия мен Түркиядан экстрадицияланды, олардың екеуі сотталды. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 824 шетелдіктің Қазақстанға кіруіне жол берілмеді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ішкі істер министрлігімен бірге 19 ұйымдасқан қылмыстық топтың әшкереленгені, 60 адамның қамауға алынғаны баяндалды. Заңсыз айналымдағы 505 атыс қаруы,

5 қолдан жасалған жарылғыш құрылғы, 45 жарылғыш топтама және 15 046 оқ дәрі тәркіленді.

Есірткі өндіретін 33 зертхана, оны тасымалдайтын 35 халықаралық және 31 өңірлік арна жойылды. Сондай-ақ 3,2 тонна есірткі құралдары және психотроптық заттар, 4,5 тонна көкнәр шикізаты, 18,8 тонна прекурсорлар тәркіленді. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қатысы бар 162 адам сотталды.

ҰҚК төрағасының айтуынша, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында 1,6 триллион теңгеден астам көлемде мемлекетке келтіретін залалға тосқауыл қойылды, бюджетке 315 миллиард теңге өтелді. Сыбайлас

жемқорлық әрекет жасағаны үшін 46 адам сотталды.

Мемлекеттік шекарада 55 мыңға жуық құқық бұзушы ұсталды, қару мен оқ-дәріні, есірткі мен басқа да тыйым салынған заттарды тасымалдаудың 1300-ден аса әрекетінің жолы кесілді. Шекара арқылы 18 миллиард теңге көлемінде валюта мен құны 66 миллиард теңге болатын тауарларды заңсыз өткізуге жол берілмеді. Заңсыз көші-қонның 20 арнасы тоқтатылды. Комитет мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне 552 миллионнан астам кибершабуылды және 6 мың DDoS-шабуылды тойтарды. Президент кездесу соңында ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Стуббты Финляндияның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент Финляндияның Ұлттық мерекесіне орай Президент Александр Стуббқа құттықтау жеделхатын жолдады. Президент Финляндияның тұрақты өрі өркен-

деген қоғам құру жолында елеулі жетістікке жеткенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалап, қазақ-фин

өзара тиімді серіктестігінің одан әрі нығайтуға сенім білдірді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Финляндия халқына бақ-береке тіледі.

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Жиында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстанбұл жоспарына сәйкес мониторингтің бесінші раундын жүзеге асыру мәселелері қарастырылды.

Іс-шара барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдері салаға қатысты ұлттық заңнаманы және халықаралық стандарттарды енгізу арқылы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша қабылданған шаралар туралы баяндады.

Ерлан Қарин өз сөзінде Мемлекет басшысының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ықпалдастыққа баса назар аударатынын атап өтті. Бұл ұйымның жоғары стандарттары экономиканың түрлі салаларымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін де қамтиды.

Жиын соңында Мемлекеттік



кеңесші шетелдік сарапшылардың ұсыныстарын жүзеге асыруға және аталған беделді ха-

лықаралық ұйыммен байланысты одан әрі нығайтуға қатысты бірқатар тапсырма берді.

## АҚШ ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың сайланған Президенті Дональд Траппен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Траппты Америка Құрама Штаттарының Президенті болып сайлануымен құттықтады. Саясаткерлер сауда, инвестиция салаларында және ядролық қа-

руды таратпау бағытында стратегиялық серіктестікті дамытуға бейіл екендерін растады.

Мемлекет басшысы халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша

Қазақстанның ұстанымын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дональд Трамп екіжақты ынтымақтастықтың жоғары қарқынын сақтау мақсатында ұдайы байланыста болуға уағдаласты.



## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Президент Садыр Жапаровты туған күнімен құттықтап, бауырлас қырғыз халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі. Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентінің екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық

пен одақтастық байланыстарды нығайтуға қосқан зор үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Әңгімелесу барысында президенттер екіжақты ықпалдастықтың даму қарқынын атап өтіп, жоғары деңгейдегі, соның ішінде Садыр Жапаровтың биылғы 18-19 сәуір күндері

Қазақстанға ресми сапарының аясында қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуы барысын талқылады.

Достық пен тату көршілік рухында өрбіп келе жатқан мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға ерекше назар аударылды.

## ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАНДАЙ?

Мәжілісте Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің ұйымдастыруымен «Әскери-патриоттық тәрбие: жай-күйі және проблемалық мәселелерді шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.



Оған комитет жетекшісі Айгүл Құспан төрағалық етіп, Мәжіліс төрағасының орынбасары Дания Еспаева, министрліктерімен бірлесіп, жалпы білім беретін мектептерді әрбір әскери бөлімге бөлу мәселесін және әскери бөлімшеге бару кестесін бекіту бағытында жұмыс атқаруда.

Жиында вице-спикер Дания Еспаева әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс бүгінде тиісті деңгейде емес екенін тоқталды. Депутаттар бастамашы болған, қазір Мәжілісте қаралып жатқан заң жобасының екінші оқылымына дейін бүгінгі айтылған ой-пікірлерді нақтылап, тиісті шаралар қабылдау керек екенін баса айтты.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская

БАҚ-тарда шығарылған материалдар туралы мәлімет берді. Қорғаныс министрлігі Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, жалпы білім беретін мектептерді әрбір әскери бөлімге бөлу мәселесін және әскери бөлімшеге бару кестесін бекіту бағытында жұмыс атқаруда.

Жиында вице-спикер Дания Еспаева әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс бүгінде тиісті деңгейде емес екенін тоқталды. Депутаттар бастамашы болған, қазір Мәжілісте қаралып жатқан заң жобасының екінші оқылымына дейін бүгінгі айтылған ой-пікірлерді нақтылап, тиісті шаралар қабылдау керек екенін баса айтты.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская

әскери-патриоттық тәрбие тұжырымдамасы халықты түгел қамтуы керек екенін назар аударды. Ол әр жас санатына арналған жеке іс-шаралар жиынтығын қарастыру қажеттігін атап өтті.

Комитет төрағасы Айгүл Құспан отырысты қорытындылай келе, әскери-патриоттық тәрбие туралы заң жобасына сәйкес Қорғаныс министрлігі жанынан республикалық деңгейде, сондай-ақ өңірлік әкімдіктер жанынан жергілікті деңгейде әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерін құру жоспарланып отырғанын атап өтті. Дөңгелек үстел барысында айтылған ұсыныстар заң жобасымен жұмыста ескеріліп, Үкіметке жолданады.



## КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссия отырысын өткізді, оның шеңберінде Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру мәселелері қаралды.

Атқарылып жатқан жұмыстар туралы Премьер-министрдің орынбасары Нұрлан Байбазаров, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров, мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар басшылары баяндама жасады.

берілді. Уәкілетті органдар компанияның монополиялық ережені пайдалана отырып, қызметтерге тарифтерді бірнеше рет негізсіз көтергенін анықтады, осыған байланысты Комиссия монополияға қарсы заңнаманы ескере отырып, тиісті тарифтік реттеуді енгізу

ты жағдайларға жол беруіне байланысты, сонымен қатар өңір тұрғындарының өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеу үшін компанияның мүлкін мемлекет пайдасына реквизициялау мақсатында сотқа жүгіну туралы шешім қабылданды.



Сонымен қатар Комиссияға «Шар стансасы – Өскемен» теміржол желісі бойынша тасымалдау процесін қамтамасыз ететін «Doshan Temir Joly» АҚ компаниясының қызметі туралы ақпарат

туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ Комиссия «Шет-Энерго» ЖШС электр энергетикасын тарату компаниясының қызметін талдау нәтижелерімен танысты. Аталған компанияның тұрақты апат-

Сонымен қатар Комиссия «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясының, сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының, мұнай-химия кешені субъектісінің қызметіне қатысты мәселелерді қарады.

## ИНТЕРПОЛ АРҚЫЛЫ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Астанада Ішкі істер министрлігі Интерпол Ұлттық орталық бюросы мен ҚР Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Бұл қадам экономикалық қылмыстармен және активтерді заңсыз шығарумен күресте ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Меморандум аясында тараптар бірлескен бастамаларды іске асыру, активтерді қайтару және заңсыз қаржы операцияларының жолын кесу саласындағы ақпарат пен тәжірибе алмасу үшін күш біріктіруге келісті.

«Меморандум ашықтық

пен әділдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңсыз жолмен шығарылған активтерді қайтару бойынша жаһандық күш-жігерді нығайтуға деген шешімімізді көрсетеді» деп атап өтті ПМ Интерпол ҰОБ-ның бастығы Мерей Мақұлжан.

Мұндай серіктестік халықаралық тергеулерге қолдау көрсету және мемлекеттер мен олардың азаматтарына тиесілі қаражатты қайтару

арқылы экономикалық қылмыстарға неғұрлым жедел және тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді. Өзара көмек туралы меморандум елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ортақ міндеттерді шешу үшін ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен тұрақты платформа құруға негіз қалайды.

## «БЕТАШАР» – ЮНЕСКО ТІЗІМІНДЕ

«Беташар» салты ЮНЕСКО-ның мәдени мұрасы тізіміне енді. Бұл туралы мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мәлімдеді. «Жаңа ғана Парагвай астанасы Асунсьонда ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің отырысында қазақтың ежелгі салттарының бірі «Беташар» Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне енгізілді» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Ерлан Қарин.



Wikipedia ақпаратына сүйенсек, ЮНЕСКО Әлемдік мұра тізімінде Қазақстанның 6 нысаны бар. Үш нысан тізімге мәдени талаптар бойынша енгізілсе, тағы үшеуі табиғи талаптар бойынша іліккен. Олар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Таңбалы тас петроглиф кешені, Сарыарқа – Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері, Жібек жолы бойындағы көне қалалар (Ақтөбе, Ақыртас, Қарамерген, Қойлық, Қостөбе, Құлан, Өрнек, Талғар), Батыс Тянь-Шань (Қаратау қорығы, Ақсу-Жабағлы қорығы, Сайрам-Өгем ұлттық паркі); Алтынемел ұлттық паркі және Барсақалмес қорығы.



## ШҰБАРЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек «Шұбар» елді мекенінің белсенділерімен кездесіп, өзекті мәселелерді талқылады. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Шұбар» елді мекені Есіл ауданында орналасқан, мұнда 5 мыңға тарта адам тұрады. Белсенділермен өзекті мәселелерді талқылап, тұрғын үй массивінің одан әрі дамыту жоспарын белгіледік. Сол жағалаудың ортасында орналасқан елді мекеннің маңызды мәселелерінің бірі – газ тарту. Қазіргі уақытта газдандыру үшін көшелерде газ тарату желісінің құрылысы жүріп жатыр. Желілер

құрылысының жартысынан көбі аяқталды. Жеткізуші газ құбырының құрылысын келер жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл «Шұбар» елді мекенінің тұрғындарына үйлерін газға қосуна мүмкіндік береді, сол сияқты ауданның және жалпы қаланың экологиясына жағымды әсер етеді әрі қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырады» деді Ж.Қасымбек.

Оның айтуынша, келер жылы тұрғын үй массивінде сумен жабдықтау желілері мен кәріз желілерін салу жұмыстары басталады. Бұл жоба 2025-2027 жылдары толық іске асырылады. Әкіммен кездесуде бұдан бөлек жолдарды жөндеу, инженерлік желілер, бейнекамералар мен бағдарламалар орнату, абаттандыру, оқу орындарын салу және тағы басқа маңызды мәселелер қозғалды.

## АНАДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Астанада «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі мен ҚР Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Қолөнершілер одағының мүшесі, ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері Тілек Сұлтанның «Киелі кимешек» атты жеке көрмесі өтті.



### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Ұлы Дала мәдениетінің мұрагері – қазақ халқының ұлттық киім-кешегінің тарихымен таныстыру және жас ұрпаққа дәстүрлі киім үлгілерін насихаттау, өскелең ұрпақ арасында қазақы салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи сананы жаңғырту арқылы жастарды отансүйгішке тәрбиелеу, жат ағымдардың ықпалында кетуден арашалау мақсатында өткізілген бұл мәдени іс-шараға Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» КММ айырықша қолдау көрсетті.

– Бүгін біз ұлы дәстүрімізді жаңғыртып, халқымыздың рухани және мәдени мұрасының тереңдігін паш ететін ерекше мәдени іс-шараның күәсі болып отырмыз. «Шебердің қолы ортақ» дегендей, бүгінгі көрме ұлттық киім-кешегіміздің бірі және бірегей болған кимешекке арналып отыр. Ұлттық құндылықтарымыз

бен салт-дәстүрімізді дәріптеп, тынбай еңбек етіп жатқан ұйымдар, бірлестіктер де аз емес. Солардың бірі – «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігі жыл сайын қала әкімдігімен бірлесе отырып дәстүрді дәріптейтін ауқымды іс-шаралар өткізіп келеді. Бұл – біздің руханиятымызға және мемлекеттік тіл мен дәстүрге деген қамқорлығымыздың бір көрінісі. Қазір қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан киім-кешек мәдениетін кері сырып, өз мәдениетінен жеріп, өзгенің киім-кешегін киіп, соны дәріптеп жүргендер де жоқ емес. Сондықтан, ұлттық мұрамызды жаңғыртып, ұрпақ сабақтастығын жалғаған бүгінгі көрмеге сәттілік тілеймін, – деді қала әкімінің орынбасары Есет Байкен.

– Ұлттық мәдениетінен ажыраған халық ұлттық болмысынан, тек-тамырынан қол үзіп қалады. Қазақ халқының қолөнері ұлт тарихымен қатар дамып, өркендеп келеді. Ұлттық киім – ұлттың бет-бейнесі, ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі.

Оның эстетикалық, қоғамдық-идеологиялық мән-маңызы да зор. Дейтұрғанмен, ұлттық киім жан-жақты зерттеліп, дұрыс насихатталмағандықтан, кейбіреулер басқа ағымның жетегіне еріп, өзге ұлттың киімін киіп, қазақы құндылығымызды теріске шығара бастады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың дәстүрлі киім-кешегін қайта жаңғыртып, оны заманға сай сәндеп киудің маңызы зор деген мақсатпен осы көрмені ұйымдастырдық, – дейді «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, этнолог, тіл жанашыры Тұрар Сәттарқызы.

Көрме аясында ұлттық нақыштағы киімдер түрінен сән үлгісі көрсетіліп, ұлттық киімдердің ою-өрнегі, жас ерекшелігіне қарай қалай кию керектігі жайлы қысқаша мағлұматтар берілді. Кимешек кию мен шылауыш ораудан шеберлік сабағы өткізілді.

Этнографтардың зерттеуінше, кимешектің 16 түрі белгілі, оның 12 түрі орталық музей қорында сақталған.



№146 (4734) 07/12/2024 Сенбі

## СПОРТ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Алдағы үш жылда «Астананың дене шынықтыру және спорт саласын дамыту бойынша кешенді жоспар» аясында 21 бағыт жүзеге асырылады. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



Ол атаған басты жобалар қатарында – №1 балалар және жасөспірімдер мектебі (БЖСМ) базасында гимнастика және өрмелеу орталығын салу, №2 БЖСМ үшін шаңғы базасын құру, №18 мектеп аумағында №6 БЖСМ үшін велоспорт трассасын жабдықтау, үш футбол күмбезін орнату, Олимпиадалық резервтік спорт мектебі-интернаты мен колледжін салу, шайбалы хоккей мен конькимен сырғанау спорт түрлеріне арналған модуль салу жұмыстары бар.

– Күнтізбелік жоспарға сәйкес 2024 жылы 812 іс-шара өткізу жоспарланған,

оның 648-і қазіргі өзінде жүзеге асырылды. Атап айтқанда, 102 халықаралық; 159 республикалық; 387 қалалық деңгейдегі іс-шаралар өтті. Жалпы бұл іс-шараларға 429 743 адам қатысты. Халықты бұқаралық спортқа тартуға ерекше көңіл бөлінуде, мәселен, AULA FIT жоба аясында 15 кәсіби жаттықтырушы қаланың 30 ауласында сабақтар өткізіп, 3 000-нан астам адамды қамтыды. Жобаға қатысушылар саны 5 000-нан асты. Спорттық инфрақұрылымды, бағдарламалар мен іс-шараларды дамытудағы кешенді тәсіл әрбір қала тұрғынына

белсенді өмір салтын ұстануға мүмкіндік береді, – деді Е.Каналимов.

Сонымен қатар, мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен Жол картасын іске асыру аясында «Арғымақ» ат-спорт кешені ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалтудың бірегей әдісі – иппотерапияны енгізіп, дамытып жатқанын атап өтті.

«Қазіргі уақытта иппотерапия әдісімен медициналық оңалтуды ұйымдастырудың регламенті әзірленіп, бекітілді. Ол келесі бөлімдерді қамтиды: Медициналық көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді ескере отырып, балалардың тізімін жасау; Қызмет көрсету тәртібі мен жұмыс жүйесін ұйымдастыру; жеке оңалту жоспарлары мен сабақ кестелерін құру.

«Жансая» және «Нұрлы жүрек» орталықтарымен иппотерапия сабақтарын ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. 2024 жылдың сәуірінен желтоқсанына дейін 802 бала иппотерапия курсынан өтті, оның ішінде 610 бала мемлекеттік тапсырыс аясында қамтылды. Процентің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жұмыс бірге.astana.kz платформасы арқылы ұйымдастырылды. Жеті бала бейімделген спортпен айналысуға таңдалды. Сонымен қатар, өңірлік және республикалық жарыстар өткізілді, онда «Арғымақ» кешенінің тәрбиеленушілері жүрделі орындарға ие болды» деді мәслихат төрағасы.

Астана қаласы Алматы ауданы әкімдігі аппараты, Жергілікті полиция қызметі басқармасы, Астана қаласы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және Астана жастары волонтерларымен бірлесіп «Астана – есірткісіз қала» атты акция өткізді.

## НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Шапағат ӘБДИ

Акция Астана қаласы әкімдігі жастар ресурстық орталығының 2024-2025 жылдарға арналған «Астана – есірткісіз қала» нашақорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу жөніндегі кешенді іс-шаралар Жоспарын орындау шеңберінде ұйымдастырылды.

– Бұл іс-шара азаматтардың нашақорлық мәселелері туралы және оны шешуде бірлескен күш-жігер қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған. Мұндағы мақсат – есірткі сату туралы жарнамалары бар қабырғаларды бояу арқылы есірткінің қолжетімділігі мен көрінуін азайту. Сонымен бірге есірткі қолдануға қарсы қоғамдық пікір қалыптастыру және салауатты өмір салтын қолдау және есірткі

таратушылармен күресуде жергілікті билік, қоғамдық ұйымдар және азаматтардың күш-жігерін біріктіру. Біз қоғам болып осы бір дерттің алдын алмасақ, онда ертеңгі ұрпағымыздың болашағына балта шапқан боламыз. Соңдықтан нашақорлыққа қатаң тыйым салып, оны таратуға және қолдануға мүмкіндік бермеуіміз қажет деп санаймын. Әрі біз әрдайым қала аумағында осындай іс-шараларды ұйымдастырғанда қажетті заттармен қамтамасыз етіп келе жатқан Libella Bottlers жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне айрықша алғыс білдіргіміз келеді, – Алматы ауданы Полиция майоры Жанибек Исаев.

Іс-шара барысында есірткі сату туралы жарнамалар жазылған қабырғалар боялып, тұрғындарға есірткі заттарының зияны туралы ақпарат берілді.



### АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде «Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-36, 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Е.КАНАЛИМОВ,

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## ҚАР ШЫҒАРУ ҚАРҚЫНДЫ

Қалада қар тазалау жұмыстары күн-түн демей үздіксіз жүріп жатыр. Қыс мезгілінің басынан бастап коммуналдық қызметтер Астанадан 840 мың текше метрден астам қар шығарды. 6 желтоқсан күні күндізгі ауысымда қала көшелерінен қар мен мұзды күреуге 2,7 мыңнан астам жол жұмысшы мен 100-ге жуық арнайы техника жұмылдырылды. Ал 6 желтоқсанға қараған түні қар полигондарына 84 ауыр жүк рейсімен 878 текше метр қар шығарылды.

Қыс мезгілінің басынан бері қаладан 66 519 рейспен 847 мың текше метр қар шығарылды.

Ең алдымен, ережеге сәйкес, көшелерде кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т.б. тазартылады.

Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамалар мен тротуарларда тазалау да басымдыққа ие.

Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.



Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда

алыс сапарларға шықпауды сұраймыз.

Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз.

## ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР ТӘРКІЛЕНДІ

Нұра ауданының әкімдігі қалалық полиция департаментімен бірлесіп, насыбай мен снюстерді заңсыз сату жағдайларын анықтау бойынша кезекті рейд өткізді.

Рейд барысында мониторингтік топ Нұра ауданының ірі тұрғын үй кешендерінде орналасқан кәсіпкерлік нысандарын тексерді. Рейд нәтижесінде аталмыш заттар үш дүкеннен табылды.

Полиция қызметкерлері жалпы со-

масы 25 мың теңгеге шамамен 40 қорап насыбай мен 20 қорап снюс тәркіледі. Дүкен иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға ҚР ӘҚБтК-нің 196-бабына сәйкес 92 300 теңге (25 АЕК) айыппұл салынды.

«Біз жаман әдеттердің алдын алу

қағидадтарын ұстана отырып, жастардың осы өнімге қолжетімділігін шектеуге тырысамыз. Бұзушылықтар үшін қатаң жауапкершілік шаралары, соның ішінде ірі айыппұлдар қарастырылған. Кәсіпкерлердің есіне салғым келеді: вейп, насыбай және снюс сатуға тыйым салуды сақтау – бұл заңның талабы ғана емес, сонымен қатар қоғам алдындағы моральдық жауапкершілік. Нұра ауданында мұндай мониторингтік іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері 230-ға жуық дүкен тексерілді, біз бұл жұмысты жалғастырамыз» деді Нұра ауданы әкімі аппаратының кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Батырхан Жанпейісов.

Бұзушылықтарды анықтау бойынша рейдтер жастар арасында жаман әдеттердің алдын алуға және кәсіпкерлердің заңнаманы сақтағаны үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Іс-шара барысында дүкен сатушыларымен профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді, тексеріс Астананың барлық ауданында тұрақты негізде жүргізіледі.



сын жүргізіп келеді. Ол қармаққа жастардың түсіп қалатыны өкінішті. Соңдықтан жастар үшін психологиялық және құқықтық сауаттылықты арттыру аса маңызды» деді прокурор А.Рахман.

Жыл басынан бері Астана қаласында заңсыз есірткі айналымына қатысты 407 қылмыстық іс қозғалды. Оның 285-і есірткі затын сатумен байланысты болды. Ал жақында есірткі тасымалымен айналысқан колледждің білім алушысы ұсталып, оған қатысты қылмыстық іс қозғалды. Бұл туралы полиция подполковнигі Әлия Кибатқызы мәлімдеді.

«Есірткі сату жарнамасына қаржы табу мақсатымен жүгінетін жасөспірімдер жиі алданады. Әсіресе, синтетикалық есірткіге еріп кететіндердің үлесі басым. Ал синтетикалық есірткі өз кезегінде героиннан да қатты әсер етеді. Бір сәттік ләззат алғаннан кейін оның тұзағына қалай оңай түсіп кетіп жатқандарын жастар аңғармай жатады. Есірткіге еліткен адам ең әуелі қажетті есірткі дозасын алу үшін ұрлық, кісі өлтіру сияқты кез келген ауыр қылмысқа баратыны да жағдайды одан әрі ұшықтырады. Жеңіл ақша табамын деген түсініктен арылу керек, бастысы салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға көп көңіл бөлген жөн» деді Ә.Кибатқызы.



## JOLTAR ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Астанада JOLTAR жобасы өз жұмысын жалғастыруда, оның аясында астаналықтар қазіргі кезде еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік мамандықтар бойынша тегін білім ала алады.



Қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктінде барып, оқуға жазылып, жаңа білім алғандардың бірі – Рабиға Махмұт бірнеше жылдан бері SMM маманы болып жұмыс істейді, бірақ жалақысына көңілі толмайтын ол жобаның артықшылықтары туралы ойымен бөлісті.

– Курсқа дейін мен SMM маманы ретінде достарымнан мардымсыз ақшаға шағын жобаларды қабылдап жүрдім. Ата-аналарға арналған қызметтерді дамытуға көмектестім. Кәсіби өсу үшін қосымша білім қажет болды. Бастапқыда күмән болғаны рас: тегін білім берудің сапасы еріксіз ойландыратын. Бірақ әпкем оқу үдерісінің анық, түсінікті және жүйелі екенін айтып сендірді. Осыдан кейін бағымды сынап көрмек болып, алдымен SMM арқылы, содан кейін мақсатты жарнама арқылы курсқа жазылдым. Ол кезде

шағын интернет-дүкенім болатын, ал жарнама көздеген нәтижемізді бере қоймады, сондықтан жарнамалық шығындардың тиімділігін арттыру үшін алдымен оны қалай жасау керектігін үйренгім келді, – деді Рабиға Махмұт.

SMM маманы үшін трендтерді ұстану және үнемі жаңа нәрселерді үйрену маңызды екенін ол жақсы біледі. Сол туралы ойын ортаға салды.

– Осыған дейін жобаларды қалай жүргізу керектігі жөнінде жүйелі білімім болмады. Курстан кейін айғын көзқарас пайда болды. Мұғалім бәрін анық-қанығына дейін түсіндіріп, оқу процесінде бізге қолдау көрсетті. Бұл курстар маған бұрын болмаған сенімділік берді. Мен көп жылдар бойы өз бетімше таргетингті зерттедім, бірақ жарнамаға қатысты ойым екі ұдай болатын. Соның салдарынан ақшаның қайда жұм-

салғанын өзім де білмей қалатынмын. Курста мақсатты көрсеткіштерді қалай дұрыс қою керектігін, қандай қателіктер жіберілетінін, бюджетті қалай тиімді пайдалану керектігін білдім. Таргеттік жарнамадағы қателерді зерттеу мен үшін өте пайдалы болды, – деді JOLTAR түлегі.

Курсты аяқтағаннан кейін SMM маманы ретінде жұмысын әрі қарай жалғастырған ол бүгінде тек контент жасап қана қоймай, мақсатты жарнаманы жолға қоятын озық маманға айналды. Білім деңгейі де бұрынғыдан жоғары, өз еңбегін жоғары бағалауды үйреніп келеді.

– Курстардың нәтижесінде сертификат қана емес, сонымен қатар күнделікті қолданатын білім де алып шықтық. Бұл бізге үлкен жобаларда бірлесіп жұмыс істеуге және кірісті арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы, JOLTAR жоба-

сының қолжетімділігі жоғары. Бұл Қазақстандағы ең жақсы жобалардың бірі деп айта аламын. Білікті мамандар материалдың жоғары сапасы мен өзектілігін қамтамасыз етеді. Тегін оқыту әрбір адамға қаржылық жағдайына қарамастан білім алуға мүмкіндік береді. Түлектер қосымша карьералық өсу мүмкіндіктеріне де ие. Бұл курстарды достарым мен таныстарыма қуана-қуана ұсынамын, – деді Рабиға Махмұт.

JOLTAR жобасы аясында тігін шеберлігінен дәріс алған Эльвира Тоқтамыс 3 апталық курстан өтіп, аз уақыт ішінде тек белгілі бір киімді тігуді ғана емес, пішуді де бастан-аяқ үйреніп алды.

– Тігін тігуді үйреніп, оны кәсібіме айналдыруды мақсат еткеніме көп болды. Бұл JOLTAR бағдарламасына дейін екі түрлі ақылы курсқа қатысты, дегенмен біліктілігімді арттырып, жақсы тігінші болуға көмектескен осы курс қана. Алғашында қарапайым тігу әдістерін үйреткенде, «не қажеті бар?» деп ойлап едім, бірақ осы сабақтардың арқасында кез келген киімнің пішінін қайталай алатын болдым, – деді жоба түлегі.

Эльвира – жеке кәсіпкер және HR маманы. Бүгінде ол өзі де дәріс оқып, жаңа бухгалтер мамандарына Excel және 1С бағдарламаларында жұмыс істеуді үйретіп жүр.

Цифрлық кәсіптерге оқытуға арналған қысқа мерзімді Freelance Mumkindik бағдарламасы тек Астана қаласының 18 бен 50 жас аралығындағы тұрғындарына қолжетімді. JOLTAR жобасы аясында оқыту тегін, оқуға жазылу «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде жүргізіледі.

Алдағы жылы Нұра ауданында 20 аула аумағы абаттандырылады. Астана қаласы мәслихатының депутаттарымен болған кездесу барысында бұл туралы аудан әкімі айтқан болатын.

## ҚАЛА КӨРКІ – АУЛА

Елордалық мәслихат депутаттары қаланың алты ауданының әкімдерімен кездесуін жалғастырып, шағын аудандар мен тұрғын үй алаптарындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбековтың мәлімдеуінше, келесі жылы аудан аумағында 400-ден астам балалар ойын алаңы элементтерін орнату жоспарлануда. Аудан тұрғындарының ыңғайлы және белсенді демалысы үшін биыл 22 аула абаттандырылып, 42 аула аумағында жөндеу жұмыстары жүргізілді. 150 көше жаттықтығыштары орнатылып, 17 футбол алаңы жаңартылды. 223 орындық мектеп қоқыс жәшігі орнатылып, 14 спорт алаңы жаңғыртылды.

Сондай-ақ мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов 2025 жылға қарай жалпы аумағы 17,2 гектардан асатын 8 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланғанын жеткізді.

– Кешенді тәсілді талап ететін жүйелі мәселелерге назар аудардым: Қатты тұрмыстық қалдықтар және санитарлық тазалық – біздің дендірілген тәсілдер мен стандарттарды енгізу қажет. Жол инфрақұрылымы – кварталшілік жолдардағы шұңқырлар мен қанағаттанарлықсыз жағдайды жедел жөндеу қажет. Канализация мәселелері – ағымдағы кемшіліктерді жою үшін мекенжайлық жоспар әзірлеу талап етіледі, – деді ол.



## АЙЫППҮЛ САЛЫНДЫ

Астанада рұқсат етілмеген полигондармен күрес жүйелі жалғасуда. 2024 жылдың басынан бері елорда аудандарынан 300-ден астам рұқсат етілмеген қоқыс орындары анықталды. Олардан полигондарға 172 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Күн сайын қаланың барлық ауданында рұқсат етілмеген полигондарға мониторинг жүргізіледі. Мысалы, Алматы және Сарайшық аудандары бойынша 116 учаске жойылып, 58,5 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Байқоңыр ауданында 65 учаске жойылып, 10 мың тонна қоқыс жойылды.

Есіл ауданы бойынша 40 орын анықталып, полигонға 30 мың тоннадан астам қоқыс жіберілді. Сарыарқа ауданында қоқыс тастайтын 43 стихиялық орыннан 34 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. Нұра ауданында да осындай 39 орын анықталып, ол жерден 40 мың тонна қоқыс шығарылды.

Жалпы, Астанада рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінен қоқыс жинауға арналған қалалық ҚТҚ полигонының жанында уақытша алаң бел-

гіленді, ол Алаш, 64 тас жолында орналасқан.

Осы жылдың 10 айында қоқысты рұқсатсыз төккені үшін 367 жүк көлігінің жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оларға жалпы сомасы 7 млн 700 мың теңгеден астам айыппұл салынды.

Сондай-ақ абаттандырылған аймаққа қоқыс қалдықтары қалдырғаны үшін 18 871 құқық бұзушы 53 млн теңгеден астам айыппұл төледі.

ҚР ӘҚБтК-нің 434-2-бабы бойынша жалпы пайдалану орындарын ластағаны үшін 13 338 құқық бұзушыға 227 млн теңгеге айыппұл салынды.

Қаладағы қоқыстың көбі құрылыс алаңдарынан шығарылатынын ескерсек, оларды анықтау фактілері iKomet арқылы белгіленеді. Осыған орай, құқық қорғау органдарымен бірлесіп, рейдтік іс-шаралар жүргізу жалғасуда.



## «УЧАСКЕ»: ҚҰҚЫҚ БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Елордада 16 қыркүйек пен 15 желтоқсан аралығында «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы кең көлемде өтіп жатыр. Оның негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, халықпен тығыз байланыс орнату және учаскелік полиция инспекторларына тұрғындар сенімін арттыру.

Райхан РАХМЕТОВА

Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Ержан Әділбековтің айтуынша, іс-шара аясында пәтерлер мен аулаларды аралауға ерекше назар аударылады. Бұл халықтың өз учаскелік инспекторларымен танысуына, полиция мен тұрғындар арасындағы тікелей байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

– Біз әр тұрғын өз учаскелік инспекторын біліп, қажет болған жағдайда, оған жүгіне алатындай жағдай жасауға тырысамыз. Профилактикалық іс-шара басталғаннан бері полиция қызметкерлері 380 мыңнан астам пәтер мен 28 мың жеке тұрғын үйді аралап шықты, – деп атап өтті Ержан Әділбеков.

Полиция қызметкерлері жалға берілетін тұрғын үйлерді тексеруге ерекше назар аударады. Анықталған жалдамалы пәтерлер туралы ақпарат салық заңнамасының сақталуын тексеру үшін мемлекеттік кіріс органдарына беріледі. Сонымен қатар іс-шара аясында сауда орындары, соның ішінде қолданыста болған тауарлар сатылатын нысандарына тексеру жұмысы жүргізіліп жатыр.



Азаматтық қару иелерімен белсенді жұмыс жүргізілуде. Шамамен 400-ге жуық құқық бұзушылық дерегі анықталып, 144 атыс қаруы тәркіленді. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдар да қосымша тексерілуде. Бүгінде дейін сот белгілеген тыйымдар мен шектеулерді бұзудың 64 фактісі анықталып, 19 есепте тұрған тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«Нөлдік төзімділік» қағида-ты шеңберінде іске асырылатын вандализмнің жолын кесу жөніндегі жұмыс жанданды. Осы жылдың наурыз айында Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы кодекске бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін жауапкершілікті белгілейтін 147-1-бап енгізілген. Жыл басынан бері осы бап бойынша 338 адам жауапқа тартылып, олардың 125-і әкімшілік қамауға алынып, 177-сіне айыппұл салынған. Ұсақ бұзақылық фактілері бойынша 2071 адам жауапқа тартылды: 628 адам қамауға алынып, 1220 адамға айыппұл салынды.

– Полиция қалалық инфрақұрылым мен ортақ меншікке келтірілген зиянды анықтау мақсатында арнайы рейдтік іс-шаралар ұйымдастырады. Жыл басынан бері

1000-нан астам осындай іс-шара өткен. Біз кез келген заң бұзушылыққа «нөлдік төзімділік» қағидасын ұстанамыз. Бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, тұрақты бақылауда, – деді Ержан Әділбеков.

«Учаске» жедел-профилактикалық шарасы аясында 24 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Астанада полиция қызметкерлері қала игілігі үшін жұмысын белсенді жалғастырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және заңдылықты нығайту жөніндегі маңызды міндеттерді орындауда.



## ДЕРТКЕ ДАУА ТАПҚАН...

Дәрігердің қай-қайсысы да адам жанының арашасы ғой. Әсіресе емханада, ауруханада дәрігер-гематолог таптырмайтын маман қатарында. Астаналық Бақытгүл Тастанбекова – сондай аз гематологтың бірі. Бақытгүл Мейрамқызы елордадағы №1 көпбейінді қалалық ауруханасы гематология бөлімінің меңгерушісі. Дәрігер-гематологтың жұмыс өтілі – 22 жыл.

### ҚАН ҚҰРАМЫН ТЕКСЕРУ МАҢЫЗДЫ

Гематология – қан және қан түзілу жүйесін, құрылысы мен қызметін зерттейтін, түрлі қан ауруын анықтап, емдейтін медицинаның бір саласы.

Мамандардың айтуынша, қан ауруларының түрі көбейген. Әсіресе соңғы кезде жүкті әйелдерде фолат циклының бұзылуы, қанның үю сапасының өзгеруі (антифосфолипид синдромы) және апластикалық анемия сияқты аурулар жиілеп кеткен. Жыл сайын аурудың түрлері де көбейіп келеді. Соңғы кезде қанның үю сапасының бұзылуы, яғни антифосфолипид синдромы жиі кездесіп жүр. Оны қаншалықты ерте анықтасақ, жүктілікті соңына дейін сақтап қалуға соншалықты мүмкіндік аламыз. 20 жыл бұрын гематологқа тек ауыр дәрежеде анемиясы бар әйелдерді ғана жіберетінбіз. Қазіргі кезде, екінші қарай, темір жетіспеушілігі бар анемия, аралас анемия көбейіп кетті. Хаттама бойынша анемиясы бар болашақ ана міндетті түрде гематологтың кеңесін алуы шарт. Елімізде гематологияның ересектерге және балаларға арналған екі түрі бар. Балалар гематологиясы соңғы жылдары арнайы мамандық болып бөлінген. Балалар онкологиясы мен гематологиясы Астана қаласындағы «University Medical Center» корпоративтік қорының «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы және Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы жүргізеді. Ересектер гематологиясы бойынша әр аймақта қан ауруларына шалдыққан науқастарға арналған арнайы кабинеттер бар. Сондай-ақ Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы мен Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты – еліміздегі ересектер гематологиясы бойынша жұмыс істейтін ең үлкен екі орталық.

### ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

– Гемоглобин жетіспесе, анемия ауруы пайда болады. Анемиясы бар болашақ ана міндетті түрде гематологтың



Дәрігер-гематолог кез келген этиологиядағы қан және қан өндіру жүйесі (цитопения және анемия, лимфопролиферативті аурулар, гипокоагуляциялық синдром) аурулары бар науқастарды диагностикалау және емдеумен айналысады, осы аурулардың себептерін анықтайды. Басқа мамандар гематологқа көбінесе қанның негізгі көрсеткіштеріндегі ауытқуды анықтағаннан кейін жібереді, оны тіпті жалпы қан анализінен де көруге болады

кеңесін алуы тиіс. Гемоглобиннің қалыпты жағдайдағы нормасы әйелдерде 120-150 г/л, ер адамдарда 130-160 г/л. Егер гемоглобин мөлшері шектен

тыс көп болса, қан қоюланып, жүрек-қан тамыр ауруына шалдығады. Қан құрамы дұрыс болмаса, қанның үюына кедергі келтіретін ауру – гемофилия, қандағы инфекция – сепсис, қан жасушаларына әсер ететін қатерлі ісік – лейкоз немесе лимфа түйіндері мен тамырларына әсер ететін қатерлі ісік – лимфома, орақ жасушалы анемия, талассемия, денеде қызыл қан жасушалары жеткіліксіз болатын жағдай анемия, терең тамыр тромбозы сияқты ауруларға ұшырауы әбден мүмкін. Лейкоз – бұл қан мен сүйек кемігінің қатерлі ісігі. Ол – балалар мен ересектерде ең көп тараған онкологиялық ауру. Дәл қазір бөлімшеде 35 адам ем алып жатыр. Теміртапшылықты анемияның ең күрделі түрімен ауырғандар ауруханада стационарлық режимде емделеді, ал жеңілдеу түрлерін емханаларда емдейді, – дейді Бақытгүл Мейрамқызы.

**P.S:** Мемлекеттік тапсырмаларға сәйкес, Қазақстанда денсаулық сақтау саласын дамытудың ауқымды жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұған халықтың өмір сүру ұзақтығының өскені дәлел. Бұл жерде, әрине, дәрігерлердің еңбегі зор. Ақ халатты жандар адамдарды емдеп, өмірін құтқарып, ұлы іс атқарып жатқанын әрбір осындай білікті медициналық қызметкерді жазған сайын сене түссесің.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Дәрігер-гематолог кез келген этиологиядағы қан және қан өндіру жүйесі (цитопения және анемия, лимфопролиферативті аурулар, гипокоагуляциялық синдром) аурулары бар науқастарды диагностикалау және емдеумен айналысады, осы аурулардың себептерін анықтайды. Басқа мамандар гематологқа көбінесе қанның негізгі көрсеткіштеріндегі ауытқуды анықтағаннан кейін жібереді, оны тіпті жалпы қан анализінен де көруге болады. Гематолог ауруды дәл анықтауға, патологияның ауырлығын бағалауға көмектесетін емтихандарды тағайындайды. Әрі қарай емдеу тактикасын анықтайды немесе басқа мамандарға жібереді.

– Өзім ауруханадағы бөлімшедегі барлық науқасты қараймын, әсіресе жансақтау бөліміндегі, қарқынды терапия палатасындағы ауырған адамдарды қараймын. Жұмысымыз, әрине, оңай емес. Адамдардан алғыс алғанда қуанып қалатынымыз рас. Бірақ шындығын айтсам, балаларымның дәрігер мамандығын таңдамауын қалар едім, – дейді гематолог дәрігер Бақытгүл Тастанбекова.

«Жастар гематология сияқты қиын мамандықты көп таңдай бермейді. Гематологтарды дайындау резидентурадан басталады. Ол үлкен еңбекті, ұзақ оқуды қажет етеді. Оның үстіне мотивация жетіспейді» дейді ол.

Гематология бөлімшесінде емделіп, емне шипа болған Айзада Тұрғалиқызы дәрігерлерге алғысын жеткізді. Қазір ол бөлімшеде апластикалық анемия ауруы диагнозымен ем алуда.

– Гематология бөлімінің меңгерушісі Бақытгүл Мейрамқызына және емдеуші дәрігер Анастасия Леонидқызына алғысымды білдіргім келеді. Бөлімге келгенде қиын жағдайда едім, дұрыс ем-домнан соң денсаулығым түзеліп, қатарға қосылдым. Сондықтан барлық медициналық қызметкерге кез келген секундта көмектесуге дайын болғаны үшін, жылы ықыласы мен кәсібилігі, жауаптылығы үшін алғыс білдіремін, – дейді А.Тұрғалиқызы.

Астанада «Дұрыс жолды таңдаңыз!» атты акция өтті. Бұл іс-шара инфекцияның алдын алу мәселесіне арналды. Бір айға созылған СПИД-ке қарсы дүниежүзілік науқан аясында қаламызда түрлі іс-шара ұйымдастырылды.

## ДҰРЫС ТАҢДАҢЫЗ!

«Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының үйлестіруімен АИТВ инфекциясының таралуын болдырмауға бағытталған түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Оған мемлекеттік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, кәсіпкерлер, студенттер мен белсенділер қатысты. Айлық аясында спартакиадалар, мектеп оқушы-қалалары арасында конкурстар, конференциялар, әңгімелесулер мен қоғамдық орындарда акциялар ұйымдастырылды. Осылайша, халыққа барынша ақпарат берілді» деді Астана қаласы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының басшысы Қанат Асқаров.

Іс-шара барысында АИТВ инфекциясы мен оның алдын алу тақырыбын белсенді түрде жариялаған бұқаралық

ақпарат құралдары марапатталды. Марапатқа ие болған медиа өкілдерінің арасында Elordainfo.kz интернет-газеті де бар. Сондай-ақ эссе жазу және профилактикалық жұмыстар арасында конкурс жеңімпаздары марапатталды. Бірінші орынға Жаннұр Нұртайқызы (№70 мектеп-лицей), Екатерина Ким (№11 мектеп-лицей) және Даяна Даутали (№103 орта мектеп) ие болды. Екінші орынды Қанатбек Қарақат (№51 мектеп-гимназия) алды. Үшінші орынға Анна Ли (№47 мектеп-гимназия) және Ерасыл Сайрамбай (№81 мектеп-гимназия) ие болды.

Айлық аясында мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында ұлттық спорт түрлерінен және волейболдан жарыс өтті. Астана медицина университетінің студенттері арасында дебат ұйымдастырылды.



## ДӘРІГЕРГЕ, ӘЛДЕ ЕМШІГЕ СЕНЕСІЗ БЕ?

Елорданың медициналық қызметкерлері қатысқан республикалық форумда дәстүрлі медицинаның даму болашағы талқыланды. Іс-шараны Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен Халықаралық және республикалық дәстүрлі медицина ассоциациясы ұйымдастырды.

Қазіргі таңда халықтың көбі дәстүрлі емес медицинаға жүгінеді. Мамандардың айтуынша, емшілерге жүгінудің салдарынан көптеген аурудың асқынғаны тіркелген. Сондықтан форумның мақсаты – бұл мәселе туралы қоғамды хабардар ету, денсаулық сақтау мамандарының мәртебесін арттыру.

«Емшілік қызметпен айналысуға берілген сертификат дәрігердің жұмысын бағалаудың көрсеткіші емес. Емшілерге көмек сұрап бармас бұрын, алдымен көмек беру орталығының географиялық орналасуына, ғимараттың санитарлық жағдайына назар аударып, медициналық құрал-жабдықтардың қалай өңделетінін

сұрау керек. Медициналық қызметкерлердің айтуынша, қазір көпшілік ине салу терапиясы мен хиджама процедураларын ұсынады, сондықтан рәсімдерден бұрын құралдардың стерильдігіне назар аудару қажет. Себебі инфекциялық аурулар қан арқылы таралуы мүмкін. Санитарлық дәрігерлердің тексеруімен ғана шектелуге болмайды, денсаулығыңызды өзіңіз қорғауыңыз керек. Ал мұндай емшілердің жұмысын тек халықтың шағымдарынан кейін тексеруге болады. Сондықтан көмек үшін тек дәрігерлерге жүгіну керек» деді Астана қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысының орынбасары Мухамғали Арыспаев.

Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

## 4,5 МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚЫЗ ВАКЦИНА АЛДЫ

Қазақстанда адам папилломасы вирусына қарсы вакцина 11-13 жас аралығындағы 83,7 мыңнан астам қызға егілді. Ал елордамызда 4,5 мыңға жуық қызға вакцина салынды.



Инфекциялық және онкологиялық аурулар профилактикасының ұлттық бағдарламасы шеңберінде қазан айында қыздарды адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцинациялау бойынша ауқымды

науқан басталған болатын. АПВ – бұл жатыр мойны обырын қоса алғанда, бірқатар онкологиялық аурулардың дамуымен байланысты ең көп таралған вирустардың бірі. Қазақстанда жатыр мойны

обыры барлық жастағы әйелдердің арасында сүт безі обырынан кейінгі екінші және фертильдік жастағы (25-44 жас) әйелдер өлімінің екінші себебі болып отыр.

Ұлттық канцер-тіркелімінің деректері бойынша Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырының 2000-ға жуық жағдайы анықталады, 600-ден астам әйелдің өмірін сақтап қалу мүмкін емес.

Қаз ОРҒЗИ зерттеуінің нәтижесіне сүйенсек, жатыр мойны обырының 74,2 пайыз жағдайында биопсиялық материалда адам папилломасы вирусының 16 және 18 онкогендік түрі

анықталған. Ал гардасил вакцинасы – төрт валентті вакцина, яғни ол АПВ ең қауіпті және кең таралған төрт түрі – 6, 11, 16 және 18 типтерінен қорғайды.

Адам папилломавирусына қарсы вакцинаның құрамында тірі вирустар жоқ. Вакцина вирустың ағзаға еніп, иммунитетті белсендіретін жеке ақуыздарын қамтиды. Бұл өз кезегінде иммундық жүйенің жасушалары адам папилломавирусымен күресуге бағытталған антиденелер шығаруға әкеледі.

Айта кетейік, жоспарлы тәртіппен вакцинациялауға қала бойынша барлығы 13 мыңға жуық 11 жастағы қыздар жатады. Сондай-ақ 12-13 жас аралығындағы қыздарға толықтыра иммундау қарастырылған.



САПАЛЫ БІЛІМ  
БАЛАБАҚШАДАН  
БАСТАЛАДЫ

Елордада 2006 жылы пайдалануға берілген балабақшада бүлдіршіндерді балабақшамен қамту көрсеткіші 95 пайызды құрайды, 349 бүлдіршін мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп, білім алады. Балабақшада барлығы 11 жұмыс тобы бар, соның ішінде 7 инклюзивті топ бар, онда 14 бала тәрбиеленуде. Балабақшада 3 шағын орталық бар.

– Балабақшада мектепке дейінгі білімі бар білікті, тәжірибелі педагогтар жұмыс істейді. Балабақшаның жұмыс бағытындағы сауықтырушынықтыру шараларын ұйымдастыру, эстетикалық талғамын дамыту, дарынды ұрпақ өсіру, интеллектуалдық тұрғыдан дамыту өте өзекті. Сол балабақшада балаларға тәрбие мен білім беретін тәрбиеші – бала жанының бағбаны. Тәрбиеші, ең алдымен, балаларды жақсы көруі керек, жұмысқа деген ынтасы мен балаларға деген мейірімді, жылы болуы қажет. Балабақшаны бақыттың баспалдағына айналдыру, әрине, біздің біліктілігіміз бен еңбекқорлығымызға байланысты, – дейді №37 «Арман» балабақшасының меңгерушісі Айгүл Софиева.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ  
БАҒБАНЫ

Мектепке дейінгі білім сапасына барынша көңіл бөлу аса маңызды. Білім беру саласының әлемдік деңгейге ұмтылуы, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, әсіресе мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды орта білім беру жүйесіне даярлау, білім әлеміне дайын болып баруын қадағалау, саналы тәрбие беру, іздену дағдысын қалыптастыру – тәрбиешілердің міндеті.

№37 «Арман» балабақшасының меңгерушісі Айгүл Софиеваның жалпы педагогикадағы еңбек өтілі – 20 жыл, 2 жылдан бері осы балабақшада меңгерушілік қызметте. Айгүл Ерсайынқызы – жан-жақты білімді, тәжірибелі, ұстамды, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын педагог. Үнемі шығармашылық ізденіс үстінде болып, оқу-тәрбие жұмысына жаңа технологиялар мен іс-тәжірибелерді енгізіп отырады. Балабақшада тәрбиеші педагогтардың маман ретінде кәсіби өсуіне, әлемдік білім кеңістігінде болып жатқан өзгерістермен үндесетін қамтамасыз жасауына толық жағдай жасап отырады.

БІЛІМНІҢ БАСПАЛДАҒЫ –  
БАЛАБАҚША

Балабақша – алғашқы білім мен тәрбиенің бастау алтын ұясы. Ұлт ұрпағын тәрбиелейтін, лайықты білім мен тәрбие беретін алтын қақпа. Астана қаласының әкімдігіне қарасты №37 «Арман» балабақшасы – тек қана қазақ тілінде оқытатын сондай білім ордасының қатарында.



– №37 «Арман» балабақшасының тәрбиешісі болу – мен үшін мәртебе. Басшылық, ұжым, әріптестерім өте мейірімді. Мұнда балабақша әдістемесін, инновациялық технологияларды терең меңгерген тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Осында жұмыс істей жүріп, көп білім алдым, көп нәрсе үйрендім, – деп ағынан жарылды тәрбиеші Талшын Адилгазина.

– Жас маман ретінде осындағы жұмысым өзіме ұнайды, әлі де үйренетін тұсым көп. Балалармен жұмыс өте қызықты, әсіресе, ата-аналардың ризашылығын көргенде еңбегіңнің текке кетпегенін бағамдайсың, жұмысқа қуана келемін. Елордадағы ең үздік балабақша біздің «Арман» балабақшасы деп айтар едім, – дейді тәрбиешінің көмекшісі Айгүл Қалиакпарова.

ИННОВАЦИЯ –  
ИГІ ҚАДАМ

Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Балабақшада инновациялық, ақпараттық, коммуникациялық технологияларды енгізу педагогика-

лық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілді пайдалануға мүмкіндік береді. Олар балалардың жан-жақты дамуына ықпалын тигізеді. Балабақшаның тәрбиешілері мектепке дейінгі білім беру стандартына сүйене отырып, әр баланың жас ерекшелігіне сай ойын технологиясын ұйымдастырып жүр.

– Балабақшадағы хромакей, көлеңке театры, 3D мэппинг, интелектік дамытушы ойындар тақырыбындағы оқу-тәрбие – инновациялық технологиялар балабақшамызда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндеріміздің тәрбиелі, білімді, саналы, зейінді, өз елінің мақтанышы болып есейетініне үлес қосады деген сенімім мол, – дейді балабақша әдіскері Баян Сайранқызы.

Мектепке дейінгі ұйымда робототехника, құм, сурет терапиясы, қаратэ, хореография, вокал, ағылшын тілі, тұз шахтасы, фитотерапия секілді қосымша қызмет үйірмелері жұмыс істейді. Балаларға білім беретін мекеменің материалдық-техникалық базасы мықты. Онда музыка, спорт залы бар, психологиялық-педагогикалық кеңес беру, изостудия, логопедиялық, әдістемелік,

медициналық кабинеттері бар. Қазіргі уақытта балабақшада педагогтар мен ата-аналар үшін ұйымдастырылған іс-шараларды өткізуге арналған техникалық жабдықтар жеткілікті, кабинеттер арнайы интерактивті жабдықтармен жарақтандырылып, қажетті құралдармен жабдықталған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмысының басты бағыты – балалардың қауіпсіздігі, оларға қолайлы әрі сапалы жағдай жасау. Балабақшада қауіпсіздікті күшейту жөнінде бірқатар іс-шара қабылданған: телехабар тарату, бейнебақылау, телефон жүйесі, локальді есептеу желісі, өрт дабылы, өрт туралы хабарландыру жүйесі орнатылған.

Сыртқы аулада балаларды шынықтыру және қозғалыс дағдысын қалыптастыру үшін футбол мен спорт алаңы, денсаулық сақтау алаңы, серуендерге арналған демалыс орындары бар.

Балабақшада өз идеясын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін балалардың жас ерекшелігіне сай заттық-дамытушы орта құрылған. Мазмұнды заттар мен ойыншықтар, кітаптар,

материалдар, құралдардың барлығы үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес жабдықталған. Барлық бала, соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асатын орта құрылған.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ  
ҚОЛДАНАДЫ

Балабақшада 2023-2024 оқу жылында балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдысын дамытуда 3D мэппинг технологиясын қолдану бойынша эксперимент алаңы ашылды. Мақсаты – баланың эмоционалды дағдысын дамыту, көңіл күйді көтеруге психологиялық қолдау көрсету.

3D мэппинг (немесе проекциялау) – бұл физикалық беттерде қозғалыс немесе өзгерістер иллюзиясын жасауға мүмкіндік беретін технология, оны проекторлар мен арнайы бағдарламалық жасақтамалар арқылы жүзеге асырады. Балабақша контекстінде бұл технология мына мақсатта қолданылады:

- Білім беру жобалары: 3D мэппингті қолдану қабырғаларды, төбелерді немесе басқа кеңістік элементтерін «тірі» объектілерге айналдыруға мүмкіндік береді. Мысалы, балалардың бөлмеде қозғалатын жануарларды немесе балалардың жобаланған суреттермен әрекет етуі қажет білім беру ойындарын жасауға болады.
- Шығармашылық және интерактивті сабақтар: балалар қарапайым бетке сурет салып, мүсіндеу арқылы, кейін мэппингтің көмегімен бұл заттарды 3D кескінге айналдыра алады, бұл олардың қиялын және моторикасын дамытуға көмектеседі.

- Ертегілер мен тақырыптық ойындар: балаларды ерекше тақырыптық ойындар жасауға немесе белгілі бір сценарийге (мысалы, ғарышқа саяхат немесе мұхиттың түбіне түсу) енгізу үшін қолдануға болады. Бұл балаларға білім алуды қызықты саяхат ретінде қабылдауға септігін тигізеді.

АБАЙДЫ ТАНУ –  
ӘЛЕМДІ ТАНУ

Жуырда №37 «Арман» балабақшасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әлем таныған Абай» атты ата-аналар, балалардың қатысуымен іс-шара ұйымдастырылды. Сахналық қойылым көрсетілді. Оған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің профессоры Ф.Жұмабекова, Әдістемелік орталық әдіскері Құндыз Көшен қатысты. Іс-шара инновациялық технологияның бірі – 3D мэппинг технологиясын пайдалану арқылы балалардың Отан, туған жер, оған құрметпен қарау туралы түсініктерін кеңейту; көркем-эстетикалық тәрбие беруде балалардың бойындағы шығармашылық қабілетін ашу мақсатын көздеді.

Балабақша педагогтарының цифрлық ресурстарды кеңінен пайдалана білетіні байқалды. Абайды бүлдіршіндер санасына сіңіруде ерекше эстетикалық тәрбие, көркемдік талғамның биік деңгейі, 3D мэппинг технологиясы арқылы іс-әрекетті жан-жақты ашып көрсетті. Балаларға рухани азық, керемет әсер қалдырды, патриоттық сезімін оятуға ықпал етті. Ата-аналардың белсенділігін ерекше атап айтуға болады.

## АТА-АНАЛАР АЛҒЫСЫ

Балабақшаға барғанымызда бірнеше ата-ананы жолықтырған едік, олар білім беру ұйымына, тәрбиешілерге алғысын жеткізді.

– №37 «Арман» балабақшасында барлық іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылады. Ұжымда өте білікті мамандар балам күнде қуанып келеді. Сапалы білім, тәрбие алып жатыр деп айта аламын. Алғысым шексіз! – дейді «Балдырған» кіші тобының ата-анасы Алмагүл Әубәкірова.

– Балабақша ұжымына шексіз рақметімді айтықым келеді. Баламның дамуына, қалыптасуына жақсы жағынан әсер етті. Балабақшаның барлығы осындай тәртіппен жұмыс істесе, елжанды болу, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді бала бойына сіңіре білсе, еліміздің ертеңіне алаңдаймыз, – дейді «Балапан» тобының ата-анасы Мәдина Жолдыбай.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында кішкентай балаларды ойын арқылы тәрбиелеу, ойын арқылы ойлауға үйретуге тырысатын тәрбиешілер еңбегі өзекті. Білім әлеміне апарар алғашқы саты – балабақшада берілетін білім мен тәрбие сапалы болса, ел тізгінін білімді, білікті ұрпақ ұстап, болашаққа сеніммен қараймыз.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУДЫҢ ЖОЛЫ БАР

Астанада Біріккен Ұлттар Ұйымы азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) еліміздегі байланыс және серіктестік кеңсесі Қазақстан мектептеріндегі салауатты тамақтану тақырыбына арналған іс-шара өткізді.

Айгүл  
УАИС

Семинардың басты мақсаты – ауылшаруашылық азық-түлік жүйесін жақсарту бойынша шешімдерді әзірлеу және елде мектептерге салауатты тамақтану шараларын енгізу. Соңғы онжылдықта қазақстандықтардың тамақтану әдеттерінде жағымсыз өзгерістер орын алып отыр. Майлы ас, трансмай қышқылдары, қантты және тұзды тағамдарды кеңінен тұтыну алаңдатады. Мектеп жасындағы балалар арасында қантты сусындарды тұтыну және электронды құрылғыларға жұмсалатын уақыт артып

келеді, бұл артық салмақ пен семіздіктің өсуіне ықпал етеді. Қант пен майлы тағамдарды тұтынушылар арасында мектеп оқушылары ең осал топтардың бірі болып тұр. Жағдайдың ушығуына жол бермеу үшін балалардың салауатты тағамға, дұрыс тамақтану туралы біліктілікке үйрету және салауатты әдеттерді дамыту үшін мектепте біртұтас тамақтану саясаты қажет.

Іс-шараның басты талқыланатын тақырыптары негізгі мүдделі тараптардың, соның ішінде Парламент депутаттарының, министрліктер (білім, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау) өкілдерінің, жергілікті

билік органдарының, фермерлердің, бөлшек сауда орындарының, мектептер мен азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуетін арттыру болады.

Мектептегі салауатты тамақтануды қамтамасыз ету үшін агроазық-түлік жүйесінің тұжырымдамасын енгізу жолдарын әзірлеу маңызды. Қатысушылар сонымен қатар мектептегі тамақтану саласындағы озық халықаралық тәжірибені талқылап, Қазақстандағы мектептегі тамақтануды ұйымдастырудың ағымдағы жағдайын қарастырмақ.

«Мектептерді қазақстандық өндірушілердің сапалы және қауіпсіз өнімдерімен қамтамасыз



ету механизмдері мен іс-шаралар жоспарын әзірлеу – күн тәртібіндегі маңызды тақырып. Бүгінгі таңда теңдестірілген

мәзірді ұсынатын тамақтану стандартын әзірлеу мәреге жетті. Сондықтан оқу орындары мен шаруа қожалықта-

ры арасындағы өзара тиімді серіктестікті жүзеге асыруда семинарға қатысушылардың қосқан үлесі ұшан-теңіз» деді ФАО-ның салауатты тамақтану жөніндегі ұлттық маманы Жанар Толысбаева.

Семинарға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мүдделі министрліктердің өкілдері, пилоттық аймақтардың жергілікті билік өкілдері, негізгі қызмет көрсетушілер, фермерлер, саудагерлер, мектептер мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты. Негізгі баяндамашылардың қатарында жоба менеджері, ФАО-ның мониторинг және бағалау жөніндегі маманы Клемент Лорва, осы ұйымның тамақтану және азық-түлік жүйелері жөніндегі қызметкері Ти Киан Сю, сарапшы Анико Немет бар.



# ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖЕГІ ҚҰРТҚА АЙНАЛМАСЫН

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет қазіргі қоғамның өзекті мәселесі болып қалуда. Жемқорлық жегі құртқа айналып, елдің дәулетін бүлдіріп, әлеуметтік-экономикалық дамуға тұсау салады. Соңғы кезде осы бір келеңсіз құбылысқа қарсы тұру мақсатында мемлекеттік органдар үлкен қадам жасап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға көбірек көңіл бөлуде. Адам парасатының артуы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің құрамдас бөлігі.



## Айгүл УАЙС

Негізінде, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Астана қаласы бойынша департаменті – Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы іске асыру функцияларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді белгіленген құзыреті шегінде және өкімшілік-аумақтық бірлікке сәйкес жүзеге асыратын аумақтық органы.

2022 жылы 2 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің №802 Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес аталмыш департамент қызметін жүргізеді. Осы құжатқа сәйкес, мынадай міндеттерді шешуге іс-шаралардың нақты тізбесі көзделген. Бұл – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау; жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетіл-

діру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі параметрмен байланысты қылмыстың екі түрін қарастырады: пара алу (311-бап) және пара беру (312-бап).

Пара алу – ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрссе, ол лауазымды адамның заңды

немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алудан тұрады.

Пара беру – лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс. Осы ретте сыбайлас жемқорлықтың кеселді дерттей бүкіл әлемге әсер еткен зиянды құбылыс екенін айту керек. Сыбайлас жемқорлық, парақорлық және т. б. не екенін толық және нақты түсіну үшін ғылыми негізге жүгініп, халық арасында осындай кері құбылысқа қарсы иммунитет қалыптастыра білу – міндет. Көп жағдайда бұл мемлекеттік қызметшілер тұрғысында пайда болады. Олардың мемлекеттік билікті жеке басының пайдасы үшін пайдалану пиғылы парақорлыққа алып келеді. Кейбір жағдайда жеке тұлғалардың заңсыз мүдделері де жемқорлыққа жол ашады. Қызметке, билікке, жеке мүддеге басқалардан артықшылыққа жету мақсатында осы жолды таңдайды. Мысалы, оқуға түсу, жұмысқа түру, бизнес, сауда және т. б. жағдай.

Сыбайлас жемқорлық сияқты жағымсыз әлеуметтік құбылыстың орын алуына сансыз себеп бар. Мұндай қылмысты жасауға басты түрткі қарапайым адамның ашкөздігі деуге де болады. Кісінің ала

жібін аттамайтын қасиетімізден ажыратып, мұндай әрекеттерге итермелеп, адамгершілік пен арды ұмыттыратын нәрсе – адам бойындағы ашкөздік. Бұдан басқа да себептерін санамалап беруге болады. Соның бірі адамдардың білім деңгейінің, мәдени өресінің төмендігі, әлеуметтік жауапкершілік деген ұғымнан ада болуы деуге болады. Кейде парақорлыққа итермелейтін нәрсе табыстың төмендігі, жұмыс табу, қызмет сатысымен көтерілу және ойлаған армандарын жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болма-

қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі. Бұл, әрине, білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Жастардың адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді

**ПАРА АЛУ – ЕҢ ҚАУІПТІ ЛАУАЗЫМДЫҚ ҚЫЛЫСТАРДЫҢ БІРІ, ӘСІРЕСЕ ЕГЕР ОНЫ АДАМДАР ТОБЫ ЖАСАСА НЕМЕСЕ БОПСАЛАУМЕН БІРГЕ ЖҮРСЕ, ОЛ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ ЗАҢДЫ НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІ) ҮШІН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН ПАЙДА АЛУДАН ТҰРАДЫ**

уы да ықпал етеді. Мемлекеттің құқықтық және сот жүйесінің дисфункциясы, кәсіби қабілетсіздік, бюрократия, халықтың құқықтық сауаттылығының төмен деңгейі де жемқорлыққа жетелейді. Сол себепті еліміздің заңдылықтарында осы індетке қарсы мәдениетті қалыптастыру ерекше қарастырылған. Соның бірінде сыбайлас жемқорлыққа

азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылмақ. Бұл ретте заңнамада ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу көзделген. Осындай шаралардың қатарында осыдан екі апта бұрын Астанада өткен «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының кезекті слетін ай-

туға болады. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері – мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды ынталандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу. Бұл шарада қала оқушылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар, адалдық, адамгершілік ұстанымдары тақырыптарын ашқан театрландырылған көріністер көрсетті. Жиынға елорданың барлық ауданынан делегат командалары қатысты. Қала аудандарында өткен іріктеу кезеңдері аясында елордадағы 80 мектептен 1500-ге жуық оқушы финалға шығу құқығын сарапқа салды. Қатысушылар жарқын және шабыттандыратын театрландырылған қойылымдар ұсынған финалдық кезеңге 10 үздік мектеп өтті. Әрбір мектеп өз қойылымында «Сыбайлас жемқорлықсыз өмір – адал өмір» тақырыбын ашып, қоғамдағы әділеттілік, адалдық және этикалық құндылықтардың маңызын көрсетті.

«Адал ұрпақ» слетінің финалы жастардың адалдық, әділдік құндылықтарын қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дамуға қалай белсенді әсер ете алатынын жарқын мысалы болды. Превенция басқармасы басшысының орынбасары Диас Қозыбаев бұл жиынның жарқын, адал және озық болашақты құру жолындағы маңызды қадам болуы мүмкін екенін атап өтті. Жоба мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызын түсінуге ынталандырып қана қоймай, қоғамның болашағын айқындайтын моральдық қағидаларды нығайтуға ықпал етті.

– «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының слетіне біз жыл сайын қатысып тұрамыз. Мұндағы басты мақсат – сыбайлас жемқорлықты бастапқы кезеңде мектеп қабырғасынан үйрету және түсіндіру. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Бұл іс-шараның пайдасы мол. Маселен, былтыр алғаш рет өткенде слетке көп оқушы қызығушылық танытты. Олар сыбайлас жемқорлық тақырыбында суреттер салды, – деді Астана қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті превенция басқарма басшысының орынбасары Диас Қозыбаев.

Әдеттегі көп шаралардың бірі болып көрінгенмен, бұл жиынға оқушылардың тартылуы, парасаттылықтың, әділдіктің алғашқы дәнінің жастардың жүрегіне егілуі өте маңызды. Қоғам болашағына сенім ұялатады.

## АТҚАРУШЫЛЫҚ САНКЦИЯЛАР

Атқарушылық санкциялар – бұл мемлекет немесе уәкілетті органдардың құқық бұзушылықтарға қарсы қолданатын шаралары. Олар негізгі заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады және олардың мақсаты – құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

Атқарушылық санкциялар – бұл заңнамалық актілерді немесе соттың шешімдерін орындауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын мәжбүрлеу шаралары. Олар көбінесе сот орындаушылары немесе басқа да тиісті органдар тарапынан қолданылып, құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға әртүрлі түрде әсер етеді. Атқарушылық санкциялар 2 негізгі бағытта орындалуы мүмкін:

1. Құқықтық жауапкершілік – құқық бұзушының әрекеттеріне қатысты заңнамалық немесе сот шешімін орындау.

2. Мүлікті тәркілеу немесе шектеу – құқық бұзушының мүлкін қолдану, сақтау немесе басқа да әдістермен шектеу арқылы санкцияларды қолдану.

Атқарушылық санкциялардың түрлері:

1. Айыппұлдар мен төлемдер: құқық бұзушыға белгілі бір қаржылық айыппұлдар тағайындалуы мүмкін, олар белгілі бір мерзім ішінде төленуге тиіс.

2. Мүлікті тәркілеу: егер тұлға міндеттемесін орындамаса, оның мүлікті тәркіленіп, қарыздарды өтеу үшін аукционға шығарылуы мүмкін.

3. Құқықтан айыру: заң бұзушыға қатысты белгілі бір құқықтардан (мысалы, жүргізуші куәлігінен) айыру немесе қоғамдық қызметке қатысу мүмкіндігінен шектеу салынуы мүмкін.

4. Жұмыстарды орындауға мәжбүрлеу: құқық бұзушы белгілі бір қоғамдық немесе мемлекеттік жұмыстарды орындауға міндеттелуі мүмкін.

5. Қаржылық шектеулер: құқық бұзушының қаржылық операцияларына шектеулер қойылып, белгілі бір уақытта шоттарынан қаражат алуға тыйым салынуы мүмкін.

Атқарушылық санкциялар қолданылатын процесс заңнамалық және нормативтік актілерге негізделеді. Әдетте, бұл процесс келесі кезеңдерден тұрады: талап қою құқық бұзушылық болған жағдайда тараптар құқық қорғаушы органға немесе сотқа шағымдануы мүмкін. Сот шешімі немесе шешім шығару құқық бұзушылық бойынша соттың немесе уәкілетті органның шешімі қабылданады.

Мәжбүрлеу шараларының қолданылуы сот немесе орган берген шешімді орындау үшін атқарушылық санкциялар қолданылады. Мониторинг және бақылау: санкцияларды орындау кезеңінде орындаушылар тарапынан бақылау және тексерулер жүргізіледі. Атқарушылық санкциялардың тиімділігі әртүрлі факторға байланысты болады, олардың ішінде:



заңнаманың толықтығы мен айқындылығы; құқық қорғау органдарының кәсіби деңгейі; қоғамның құқықтық мәдениеті мен білім деңгейі; санкцияларды орындауға бағытталған инфрақұрылымның бар болуы. Егер атқарушылық санкциялар дұрыс әрі уақытында қолданылса, бұл құқық бұзушылықтардың алдын алуға және құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етуі мүмкін.

Қорытындылап келсек, атқарушылық санкциялар – құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін маңызды құрал. Олар тек заңды міндеттемелерді оры-

ндауға мәжбүрлеу емес, сонымен бірге қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді. Сондықтан атқарушылық санкциялардың тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін олардың қолдану тәртібі мен орындалуы заң аясында дәл және нақты болуы тиіс.

М.ВАЛЕВА,

Астана қаласы Әділет департаменті мемлекеттік кірістердің сомаларын өндіру бойынша аумақтық бөлімнің мемлекеттік сот орындаушысы









## ҚАҢҒЫБАС ИТТЕН ҚАУІП КӨП

Қазақстан «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңды қабылдап, қаңғыбас иттерді қанат астына алғанмен, қаңғыбас иттердің сол жақсылықты түсінетін түрі жоқ. Керісінше, аш бөрідей топтасып алып әрі-бері өткен бала-шағаға тап беріп, талап тастауын тоқтатар емес. Заңмен қорғалып, ату шектелгелі саны да өсіп, әр ауылда үйірімен жүретін иттер көбейді.

### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Астанада да қаңғыбас иттер мәселесі соңғы жылдары өзекті тақырыпқа айналып отыр. Бас қаланың өзінде қаңғыбас иттердің саны артқаны сонша, арнайы орталыққа сыймай қалған кезі де болған. Қалада үй жануарларын бақылаусыз жіберу немесе қаңғытып қоя беру бұл проблеманың негізгі себептері болып отыр. Осы мәселе тұрғындардың қауіпсіздігі мен қаланың санитарлық жағдайына әсер етеді.

«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңның қабылданғанына 3 жылдан асты. Иесі табылғанша өлтіруге тыйым салынған заңда қаңғыбас иттерге жауапкершілікпен қарау талап етілген. Тіпті оларды уақытша бағып-қағу орталықтарына жеткізіп, жағдайын жасау міндеттелген. Бірақ адамның тағдырынан иттің мүддесін жоғары қойған бұл заң қаңғыбас иттердің мәселесін түбегейлі шеше алған жоқ, шеше алмайды да. Өйткені жергілікті жағдайды, ұлттық көзқарасты, өңірлік өзгешелікті ескермей, шетелге еліктеп жасаған бұл заң қаңғыбас иттерге қатысты мәселені одан әрі күшейтті, экономикалық шығын да арта түсті. Өйткені ит құқығын қорғаушылар «Аулау-стерилизация-вакцинация-қайтару» бағдарламасын ұсынып отыр. Осы бағдарлама аясында бір бұралқы итке ветеринарлық іс-шараларға шамамен 40 мың теңге кетеді. Бұған арнайы орында күтіп ұстауға бір күнге жұмсалатын 5 мың теңгені қосып есептесек, бір бұралқы итті бағуға жарты айға жетпейтін уақытта 90 мың теңге жұмсалады. Бұл қаржыдан сырт, иттерге арналған үйшіктердің құрылысына жұмсалатын ақша тағы бар, осы қаржының бәрін қосып, қаңғыбас иттерге өткен жылы 3,5 млрд, биыл 2,8 млрд теңге бөлінген. Осы

лайша Қазақстанда қайыршыға бөлінбеген қаржының қызығын қаңғыбас иттер көріп жатыр.

Экономикалық шығынды көбейтіп, қаңғыбас иттердің қатарын молайтқан бұл заңның, ең бастысы, адам өміріне бейжай қарағаны қынжылтады. Яғни біз қазір баламызды қаңғыбас иттер терідей тартып, талап жатқанын көрсек те, аталған заңның пәрмені бойынша ол иттерді сол жерде атып тастауға немесе басын шауып өлтіруге құқығымыз жоқ. Яғни заңға бағынбасаң, өз басыңа жауапкершілік жүктелуі мүмкін. Өйткені жоғарыдағы заңға байланысты қаңғыбас иттерді атуға тыйым салынған.

Иттен тарайтын жұқпалы аурулар аз емес. Құтырық, эхинококкоз, қышыма, қотыр аурулары иттен жұғатынын ескерсек, ит баққандар заң талабын толық орындап жүрме деген күдік күшейеді. Мәселен, жақында Қостанайда ит қапқан 13 адамнан құтыру диагнозы анықталды. Зардап шеккендерге құтырмаға қарсы екемнен шұғыл медициналық көмек көрсетілді. Елімізде жануарларды тіркеу «Таңба» ақпараттық сервисі арқылы жүргізіледі. Үй жануарларын тіркемегендер үшін айыппұл салу енгізілген. Мәселен, ит пен мысығын тіркемегені немесе тіркеу нормасын бұзғаны үшін жеке тұлғалар 10 АЕК, бір жыл ішінде қайталанса 20 АЕК өлшемі бойынша айыппұл арқалайды. Бірақ иттерін қараусыз жіберген адамдарға қатаң әкімшілік шара көзделмеген. Көшеде тайыншадай иттерді тұмылдырықсыз жетелеп жүретіндерді, адам қыдыратын жерде итін ойнатып жүретіндерді де шектеп, тәртіпке салып жатқан ешкім жоқ. Демек, жоғарыдағы жануарларды қорғауға арналған заң адам құқығын белден баса отырып жасалған. Осы сияқты мәселелер заң шығарушы органдардың да құлағына жетіп, бірнеше депутат қаңғыбас иттерге



Осы жылдың 10 айында иттердің адамға шабуының 25 мыңға жуық дерегі тіркелген екен. Орташа есеппен бір күнде 83-84 адамды ит қабады. Ит қапқан адам 40 күн ауруханаға жатып, укол алады. 40 күн укол алу адамның денсаулығына зиян. Өйткені құтыруға қарсы қан сұйылтатын түрлі укол салынады. Оның әсері бірден болмағанмен, болашақта сыр береді

қатысты депутаттық сауал да жолдаған. Тілшілер де талай мақала жазып, қолданысқа енген заңның олқылығы мен тиімсіз тұстарын тізіп тұрып көрсеткен еді. Осыдан кейін «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қайта қарауға жіберілген еді. Қазір осы заң Мәжіліс қабырғасында қызу талқыланып жатыр. Бірақ халық өкілдерінің арасында да түзету мен толықтыруды қолдайтындар да, оған қарсылардың да бар екенін депутат Самат Мұсабаевтың сұхбатынан аңғардық.

Маңғыстауда итбалықтар қырылып, киіктер өліп жатқанда мыңқ етіп аузын ашағандар итке келгенде «жануарларды қорғайық» деп ырылдап шыға келетініне депутаттың өзі де аң-таң.

– Бізге мың иттің өмірінен бір адамның, бір баланың тағдыры артық болуы тиіс. Мәселен, өркениетті, дамыған Германияда итті атып тастайды. Өткен жылы Қырғызстан 20 мыңнан астам бұралқы итті атып, көзін құртты. Біздегідей заң Түркия мен Үндістанда бар. Түркия бүгінде бұралқы иттер мәселесін шеше алмай отыр. Біз де осы бағытта кете берсек, жағдай ушыға береді. Мәселен, осы жылдың 10 айында иттердің адамға шабуының 25 мыңға жуық дерегі тіркелген екен. Орташа есеппен бір күнде 83-84 адамды ит қабады. Ит қапқан адам 40 күн ауруханаға жатып, укол алу адамның денсаулығына зиян. Өйткені құтыруға қарсы қан сұйылтатын түрлі укол салынады. Оның әсері бірден болмағанмен, болашақта сыр береді. Бұл мәселеге келгенде депутаттардың пікірі де екіге бөлініп отыр. Бірі: «Бұралқы иттерге бюджеттен ақша бөліп, асырап, қызметкер ұстап, дәрі-дәрмек беріп не қыламыз? Үш күн ұстап, одан кейін эвтаназия жасайық» дейді. Енді біреулері бұған мүлдем қарсы. Тіпті ит адамды қапқан кезде оны ұстап, ветеринарлық тексеруден өткізуді, содан кейін ғана дәрігердің анықтамасымен өлтіруді ұсынады. Егер біз ұсынып отырған түзетулер қабылданса, онда алдағы уақытта бұралқы иттер жоғалып, ит ұстайтын арнайы орындардың бәрі жабылады. Ал оларға қазір жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлініп келеді. Бәлкім, қарсы шығып отырған сондай орындардың иелері не солардың сыбайлас адамдары шығар. Олардың иттерге жаны ашып, өліп бара жатыр дейсіз бе?! – дейді Самат Мұсабаев өз сұхбатында.

Бұл да негізсіз айтылған сөз емес, оларға адам өмірінен итінің амандығы, ақша кіріп тұрған жолының ашық тұрғаны керек. Ал бізді ит талаған адамдардың жағдайы мен қаңғыбас иттердің күн сайын көбейіп бара жатқаны алаңдатады. Жұрт та Мәжілісте талқыланып жатқан заңнан оң шешім күтіп отыр. Егер заңмен шектеу қоймасақ, ертең қаптаған қаңғыбас иттер баламызды қан көшенің ортасында қаппасына кім кепіл?!

## АЯЛДАМАСЫ АЗ ТІРШІЛІК

Күні кеше Президент Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша Рустам Тәуекелов Астанадағы Алматы ауданының әкімі болып тағайындалғаны хабарланды. Әкімге аудан мен тұрғын үй алаптарын, инфрақұрылым саласын дамыту, тұрғындарға жайлы жағдай жасау тапсырылды. Бұрынғы әкім Мақсат Саматұлы өз ауданын жиі аралап, көріп-білмеген бе, соңында біраз шаруа қалғаны байқалады, мүмкін білген де болар.

Ал енді жаңадан келген әкімге айтар өтініш – өзіңіз басқаруға келген Алматы ауданын жақсылап тұрып аралап шықсаңыз. Аралау сапарын автобус аялдамаларынан бастасаңыз, кәдімгідей жолаушы болып. Неге?

Айтайық. Асқар Тоқпанов көшесіне №61 автобуспен келесіз. Көше Алматы ауданы әкімдігіне жақын. Көше бойында автобус тоқтайтын 10 аялдама бар десек, ешқайсысында орындығы бар, қар мен жаңбыр, желден қорғайтын қорғаныш павильондары жоқ. Арнайы аялдама кешендері салынбаған. Далада тұрасыз. Тек «осы жерге тоқтайды» деген бағанада автобус суреті ілінген. Сол суретке қарап бұл жер аялдама екен-ау деп қуанып кетесіз де, күтесіз.

Асқар Тоқпанов көшесі бойында 3 елшілік орналасқан, еліміздің Футбол федерациясы, британ мектебі, бизнес-орталықтар, тізілген тұрғын үйлер бар.

Яғни Астананың аудандарына қосымша қаржыландырудың негізгі баптары – көшелерді жарықтандыру мен тазалау, көгалдандыру және абаттандыру жұмысын жүргізу. Бірақ есепте аялдама кешендерінің құрылысын жүргізу, қорғаныш павильондарын орнату туралы айтылмаған сияқты. Бұл ұсақ-түйек мәселе емес қой.

Міне, қыс та келді. Ал аялдамасыз «өмір сүріп» жүрген оқушылар, жастар, зейнеткерлер, қаншама тұрғын бар екенін ұмыттық. Алматы ауданы әкімдігінің сайтына қарап отыр едім, «ауданда аялдама кешендерін санитарлық тазалау жұмысы жалғасуда. Бүгінде ауданда 443 аялдама болса, оның 67-сі – жылы аялдама кешендері. Әр аялдама аптасына екі рет санитарлық тазалаудан өтеді. Бұл шаралар тәртіпті сақтауға және қоғамдық көлік жолаушылары үшін қолайлы күту жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деген бір мәлімет шыға келді.



№61 автобус Шарль де Голль көшесіне бұрылады да, француз үйлері, Милан оранжереясы қарай бұл жерде де тұрғындарға ыңғайлы аялдама жасалмаған, арақашықтығы өте ұзақ, біраз жүріп барып тоқтайды. Француз үйлерінің алдында аялдама кешені бар. Екінші №60 автобустың да жолаушылары қорғанышы жоқ аялдамада автобус күтеді.

Енді қараңыз, Facebook-тен оқығанымыздай, жуырда Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәслихат депутаттарына берген есебінде: «Биыл 140-қа жуық аула мен 30 саябақ, гүлзарлар, желекжолдар, аллеялар абаттандырылды. Мәңгілік ел даңғылы, Әлихан Бөкейхан және Орынбор көшелерінің саябақтары бар, «Жастар» саябағы аумағында қазіргі заманғы «Сана» спорт кешені де жұмыс істейді. Қаланың вокзал маңы мен оған іргелес Біржан сал, Гете көшелері абаттандырылды. Келесі жылы да аулалар мен гүлзарлар, желекжолдар, саябақтарды абаттандыру бойынша жұмыстар жоспарлануда» деді. Экономикалық блок пен елорданың 5 ауданындағы әкімдер 2024-2025 жылдарға арналған бюджетке өзгерістер енгізу үшін қажеттіліктерін ұсынды.

Жазбаның басында бұрынғы әкім Самат Мақсатұлы өз ауданын жиі араламағаны, көріп-білмегені, соңына біраз шаруа қалғаны байқалады, мүмкін білген де болар дедік.

Сонда 443 аялдаманың 67-сінде ғана кешендер жасалған болып тұр. Жалғыз Асқар Тоқпанов көшесінде ғана емес, ауданның басқа көшелерінде де тұрғындар аялдамасыз өмір сүреді.

Осы мен жазып отырған екі көшенің бойында не мектеп, не балабақша жобасы жоқ, бірнеше көпқабатты тұрғын үй бой көтеруде, құрылыс қарқынды. Асығыс. Бірақ қыл аяғы аялдама кешендерін орната алмай жатқанда осы үйлердің кішкентай тұрғындарының ертеңгі жағдайы не болады деп алаңдайсың.

Сөз жүзінде, баяндама, есеп деген шалқуларыңыз ғажап-ақ, таңғаласың! Еее, даму жолында екенбіз деп қуанасың. Аялдама кешендерін тұрғызу Астана әкімдіктері үшін соншалықты қиын ба? Себеп-салдары неде? Осы сұраққа жауап таба алмай қарадан-қарап қиналады екенсің...

**Фарида БЫҚАЙ,**  
ардагер-журналист,  
Астана қаласы



## БАЛАЛАР ЕРТЕ СОЛМАСЫН

Жасөспірімдер мен балалар арасындағы суицид фактілерінің жиілеп, сондай жазбалардың әлеуметтік желіде көп көрініс табуы биыл бәрімізді қатты алаңдатты. Айтқан сайын бірінің артын ала екінші оқиға тіркеліп жатты. Әдетте, балалардың бойындағы келеңсіз жағдайларды жасөспірім шақтағы өтпелі кезеңнен көріп келдік, онымен күресуге психологтар бекітілген. Алайда соңғы жайттар одан да басқа қауіптердің бетін ашты.



Райхан РАХМЕТОВА

Мемлекеттер арасында жасөспірімдер суицидінң саны бойынша еліміз көш басында тұрғаны бұрын да жазылып жүрді. Суицидолог Михаил Смецкийдің айтуынша, бұл Қазақстандағы ең өзекті әлеуметтік мәселе саналады. Расымен де, БҰҰ Балалар қорының жариялаған есебі бойынша 2014 жылы өзіне-өзі қол салу Қазақстандағы жастар мен жасөспірімдер арасындағы өлімнің ең көп себебі болған. Мамандар суицид статистикасын жасырын ұстайды. Оған қолжетімділік жоқ. Мәселен, Астанада балалар суицидінң санын білу үшін қалалық психикалық денсаулық орталығына ресми өтінім жолдау керек. Дегенмен суицидолог Астана Қазақстанда суицид саны бойынша төменгі орында екенін жеткізді.

Ал елордадағы психологиялық қолдау орталығы психологиялық жұмыс бөлімінің басшысы Элеонора Кошаналиева Астанада суицид жасауға талпынған балалардың бұлай етуіне не себеп болғанын былайша түсіндіреді:

– Өртүрлі мектепте оқитын 12, 13, 14 жастағы қыздар өз қолдарын тіліп «self harm», яғни өзіне-өзі зиян келтіру әрекетін жасаған. Жеке кеңес беру барысында барлық оқушы өз ата-анасына өкпе-реніші бар екенін айтып, ата-ананың қаталдығынан тіл табыса алмайтынын және олардың махаббаты жетпейтінін айтқан. Суицид себептерін зерттеу жұмысы өзіне-өзі қол салуға ұмтылыс бала-

ларға ата-ана тарапынан махаббат пен мейірім жетіспеуінен, қолдау мен қамқорлықты сезінбегендіктен, баланың ата-анасымен эмоциялық қарым-қатынастың болмауынан, ата-ананың шектен тыс қатал болуынан, сыныптастары арасында қарым-қатынастың дұрыс қалыптаспағанынан және бала жанын түсінетін адамдардың болмауынан, сонымен қатар өзіне назар аудармағандықтан келгендіктен жасалатынын көрсетті, – дейді бөлім басшысы.

Астанада қалалық Білім басқармасы тарапынан суицидтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жолға қойылған. Атап айтқанда, суицидтің алдын алу үшін қанатқақты жобалар іске қосылған. Бұл жобалар бойынша жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі: кемелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқының қауіп факторларын анықтау бойынша жұмыс, суицидтік мінез-құлыққа бейім жасөспірімдердің анықталған тобының балалары мен ата-аналарына (заңды өкілдеріне) психологиялық кеңес беру түрінде көмек көрсету.

– Суицидтік мінез-құлқының қауіп факторларын анықтау бойынша жұмыстарға әмбебапке толмағандардың аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік мінез-құлқының пайда болуына ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін психодиагностикалық іс-шаралар жүргізу жатады. Психодиагностика нәтижелері бойынша анықталған «суицидтік қауіп-қатері» бар жасөспірімдер тобына психологиялық кеңес беріліп, қажет болған жағдайда, олар алгоритмге сәйкес денсаулық

сақтау мамандарына бағытталуы мүмкін, – дейді Элеонора Кошаналиева.

Маманның айтуынша, әдетте, өз-өзіне қол жұмсайтын балалар материалдық жағдайы өте төмен отбасынан да, әлеуметтік жағдайы жақсы, ауқатты отбасынан да шығады, ол балалар көбіне авторитарлы стильде тәрбиеленген балалар болып келеді.

– Мектепте осы бағытта психологтар тұрақты жұмыс жүргізеді. «Stop буллинг» флаетерлері барлық мектепте ілінген. Қажет кезде кез келген бала QR-код арқылы хабарласа алады. «Мобильді топ» жұмыс істейді. Келеңсіз жағдайда мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері балаға көмек береді, – дейді спикер.

Бөлім басшысының айтуынша, мұғалімдер баланың бойынан өзгеріс байқаса, баламен жеке қалып сөйлесуі, жеке басы, отбасы немесе сыныптастарының қарым-қатынасы туралы ойын білуі қажет. Керек болса, ата-анасына баланың жағдайы туралы ақпарат беруі тиіс. Балалардың суицидке баруын әр жағдайды бөлек қарай отырып талдаған дұрыс. Кей балаларға әлеуметтік желідегі кері ақпарат әсер етеді. Араласатын ортасының көп ықпалы бар. Сонымен қатар отбасындағы құндылықтар мен қарым-қатынас та себеп болады. Осы себептердің соңғысы – биыл жиі айтыла бастаған ғаламтордағы түрлі қауіпті ойындар. Ұялы телефондары арқылы балалар ойында берілген бұйрық бойынша тапсырмаларды орындап, биік жерден

құлау сияқты өлімге итермелейтін жайттарға өздері барады. Осылайша бүгінгі таңда балалардың ғаламтордағы керекті-керексіз ақпараттардан шектелмеуі, олардың не қарайтынына дұрыс бақылаудың жоғы да суицид себептеріне негіз болуда. Бұл ретте қалалық прокуратура балалардың ұялы телефонына ата-аналар тарапынан бақылау күшейтілуі керектігін, ал мектептерде мүлдем смартфон ұстамауын айтып, ұсыныс білдірді. Ұялы телефоннан баланың не көргенін бақылау үшін қадамдық бейнебақылаулық мектептердегі ата-аналардың WhatsApp-чатінде таратты.

– Қоғам бұл дертпен күресу үшін баланың жан дүниесіндегі өзгерістерге дер кезінде назар аудару, көңіл күйін жиі бақылау, жүйелі түрде әңгімелесу, зиянды ақпараттардан қорғау мақсатында алдын ала сол тақырыпты талқылау қажет, – деп кеңес береді психолог маман.

Күрес жүргізуде өзге елдердің тәжірибесін айтар болсақ, мәселен, Австралияда «Headspace» бағдарламасы жастарға психологиялық көмек көрсетеді және мектептерде білім беру тренингтерін жүргізеді. Ұлыбританияда «I matters», «Men қажетті» бағдарламасы мектептерде қауіпсіздік үшін енгізілген.

Ақ пен қараны дұрыс ажырата алмайтын кезеңде балаға ақша мен смартфон емес, бастысы мейірім мен көңіл бөлу – жоғарыда айтылған мәселелердің ең басты шешімі. Сондықтан балалармыз ерте солып, «он екіде бір гүлі ашылмаған» қалпында қапыда кетпес үшін оларға қарбалас тірлік арасында көңіл бөлуге уақыт табыайық!

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде, бүгінде саяси дамуға қарамастан, әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да бар, тек ауқымы бойынша ғана ерекшеленеді. Көп жағдайда қоғамдағы сыбайлас жемқорлық екі негізгі субъектілерді – үкімет пен жеке секторды тартады.

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Сыбайлас жемқорлықтың бір көрінісі – пара. Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа тұлғадан ақша немесе басқа да жеңілдіктер алуы, ол үшін атқаратын лауазымына байланысты кез келген қызмет көрсетіледі. Сонымен қатар аталған ақша мен жәрдемақыны пара алушы жеке өзі ала бермейді, көбінесе оған жақын адамдарға немесе фронт ұйымдарына берілуі мүмкін.

Атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру саласында сыбайлас жемқорлық сот орындаушылары әрекетінің (әрекетсіздігінің) нәтижесінде мүдделерге байланысты уәкілетті тұлғалардың борышкердің немесе өндіріп алушының мүдделерін қолдау түрінде көрсетіледі. Әдетте, сыбайлас жемқорлықтан негізгі қарапайым халық зардап шегеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып белгіленген. Сыбайлас жемқорлықпен күресу қоғамның барлық саласының жүйелі күшжігерін талап етеді.

Сонымен, атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайды болдырмау үшін келесі шаралар қажет деп есептеймін:

1. Кәсіби кадрларды іріктеу және оқыту, мемлекеттік сот орындаушысы лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптарды күшейту;
2. Сот актілерін орындау органдарының атқарушылық іс жүргізу тараптары алдындағы жұмысының ашықтығын арттыру;
3. Қазақстан Республикасының азаматтарына

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңнамасын түсіндіру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы;

4. Сот орындаушыларының өз міндеттерін орындаудағы дербестігін күшейту – сыбайлас жемқорлықпен тиімді және жүйелі күресудің негізгі шарттарының бірі, өйткені көп жағдайда жоғары тұрған органның басшылығы немесе жоғары лауазымды тұлғалары тарапынан қысым көрсетіледі.

Қазақстанның барлық азаматтары әмілбеап мәселелерді, соның ішінде сыбайлас жемқорлықты шешу үшін қажетті білімге ие. Өрбір азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеу атмосферасын құруға және Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге заңды мүддесі бар.

Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айта отырып, қоғамның қатысуынсыз сыбайлас жемқорлықты жеңу мүмкін еместігін бірнеше рет атап өтті.

Болашақта Қазақстан Республикасы азаматтарының алған білімі олардың өмірінде сыбайлас жемқорлықтың қандай да бір көрінісі мен байланыста болмауға көмектеседі деп сенгім келеді.

**К.КАЛИПАНОВА,**  
Астана қаласы  
Әділет департаменті  
жеке және заңды  
тұлғалардан сомаларын  
өндіру бөлімінің мемлекеттік сот орындаушысы

## ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының негізгі бағытының бірі – жастар арасындағы нашарлықтың, жаман әдеттердің алдын алу. Басқарма басшысы Самат Ибраев арнайы брифингте диспансерлік есепте тұрған нашарлар санын азайту, жастар арасында нашарлықтың таралуының алдын алу қажеттілігі туралы идеяларды басшылыққа ала отырып, биыл «Esirtkisiz elorda» жастар қозғалысы іске қосылғанын жеткізді.

«Esirtkisiz elorda» жобасы нашарлықтың алдын алуға және жастар арасында салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін ойдағыдай іске асыруда. Іс-шаралардың форматы әртүрлі – тренинг, есірткі жарнамаларын бояуға арналған акция, спорт турнирі, шығармашылық конкурс және т. б. Онлайн-тренингте кәсіби психологтар мен аддиктологтар тәуелділіктің табиғатына, оның қалыптасу кезеңдері мен механизмдеріне, құмар ойындар мен алкогольизмнің алдын алуға, сондай-ақ әлемдік емдеу әдістеріне қатысты 20-дан астам сабақ өткізді. Қатысушылар қауіп факторлары, тәуелділік триггерлері, стресс пен генетиканың әсері және әлеуметтік ортаның ролі сияқты маңызды аспектілерді талқылады. Бұл тренингтер Астана жастары мен студенттерінің

назарын аударып, кең аудиторияны қамтуға мүмкіндік берді. Тренингтер астананың мектептері мен университеттерінде өтті.

– Әр кездесуде үнемі ақпарат буклеттері таратылады. Бұл материалдарда салауатты өмір салты, тәуелділіктің алдын алу және саналы таңдаудың маңызы туралы пайдалы мәліметтер бар. Буклеттерді тарату, ашық диалог пен хабардар болуға жағдай жасай отырып, оқушыларға, ата-аналарға және тәрбиешілерге маңызды ақпаратты жеткізуге бағытталған, – дейді С.Ибраев.

Спорт іс-шаралары – жобаның ажырамас бөлігі. «Astana cup» футбол турниріне аула клубтарының командалары қатысты. Бокс және тазквондо бойынша челленджер өтті, бұл командалық рухты қалыптастыруға

және спорт дағдыларын дамытуға ықпал етті. Сондай-ақ 150-ден астам спортшыны біріктірген жыл сайынғы «Астана кубогы» турнирі өтті, онда жеңімпаздарға кубок табыс етілді, ал қалған қатысушылар спорттық разрядтарға ие болды.

Жобаның білім беру бөлігі ретінде танымал қоғам қайраткерлері, полиция қызметкерлері және танымал блогерлер қатысатын подкасттар іске қосылды, онда есірткі қылмысының маңызды тақырыптары, есірткіні қолданудың салдары және тәуелділікпен күресудің тиімді әдістері талқыланды. «Жауар» подкастының серияларына Астана қаласы прокуратурасы басқармасының бастығы Айжан Аймағанова, полиция полковнигі Сергей Ильиних, бұрынғы нашар Ринат, сондай-ақ блогер Әлібек Ермағамбетов сияқты қонақтармен әңгімелер кірді. Сондай-ақ «Закладка» деректі фильмін шығарған Ринат Балғабаевпен подкаст түсірілуде. Қала прокуратурасы ұйымдастырған симуляциялық сот процестері оқушыларға есірткіге байланысты істер бойынша сот ісін жүргізудің ерекшелігін айқың көрсетті. Мысалы, 18 қазанда Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияда осындай іс-шара өтті, онда есірткінің таралуы мен қолданылуы

үшін жауапкершілік талқыланды. Сонымен қатар нашарлықтың алдын алу тақырыбында әлеуметтік бейнеролик дайындалды, оның мақсаты – қоғамның назарын осы мәселеге аудару, есірткі заттарын қолдануға теріс көзқарасты қалыптастыру.

Тәуелділікке тап болған адамдардың, олардың жақындарының әңгімесін анонимді түрде жариялауға мүмкіндік беретін заманауи онлайн-платформаны құру – жобаның негізгі бастамаларының бірі. «MeToo» халықаралық жобасына ұқсас механизммен жұмыс істейтін бұл құрал тәуелділік мәселесін қоғамдық түсінуді қалыптастыруға, оған тап болғандарды қолдауға және стереотиптерді жоюға көмектеседі. Платформа ашық әңгімелер мен өзара қолдау үшін қауіпсіз кеңістік құру арқылы қоғамдағы сенім мен ашықтықты дамытуға ықпал етеді.

Жоба аясында эксклюзивті мерч әзірлеуге және шығаруға ерекше назар аударылады. Жобаның өнімдері – салауатты өмір салтының символы ғана емес, нашарлықпен күресу идеяларын насихаттаудың қуатты құралы. Сауда-саттық жастардың назарын аудару және жобаның оң имиджін қалыптастыру үшін заманауи трендтерді ескере отырып жасалады.

#### ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жеке-меншік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жеке меншік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефоны: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 3 желтоқсандағы ұйғарымымен «GorSvetGroup» ЖШС-тің (БСН 070540009063, мененжай: Астана қ., Ақжол дан, 113, тел: +7-778-976-30-85, эл. почта: info@gor-svet.kz) оңалту рәсімін қолдану туралы арыз бойынша №7119-24-00-2/16152 азаматтық іс қозғалды.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsi.kz/torgi



## МӘСКЕУДІҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ ӨТТІ

Мәскеудің Астана қаласындағы мәдени күндері аясында түрлі іс-шара ұйымдастырылды. Көрші елдің белгілі спортшылары мен өнерпаздары шеберлік сабағын өткізіп, концерт берді. Бағдарламада көрме, спорт жарысы, басқа да іс-шаралар болды.



«Достық көпірі» атты шахмат турниріне Астана қаласының балалар құрамасы, Мәскеу қалалық думасының және Астана қалалық мәслихатының депутаттары қатысты. Қатысушылардың барлығына депутаттар атынан 50000 теңге көлеміндегі сыйлық сертификаты тапсырылды. Оны «Sana Sport» кешеніндегі спорт секцияларына жазылу немесе Marvel дүкендер желісінен тауар сатып алу үшін пайдалануға болады.

«Бұл турнирде жеңімпаздар мен жеңілгендер болған жоқ. Сайыс достық пен ынтымақтастықтың символына айналды» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Музыкалық жас көрермен театры мен М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында Ресейдің театр және кино актері, режиссер, Ресей Федерациясының халық әртісі Александр Галибинмен өткен кездесуге қаладағы театрлардың өкілдері мен болашақ актерлер қатысты. Өнерпаз астаналық студенттерге шеберлік сағатын өткізді.

«Театр өмірді сан алуан бояуда көрсетеді. Бұл өнер түрі өмір көрінісін зерттеуді талап етеді. Себебі театр – үлкен ғылым. Егер сіз өз салаңызды жан-жақты зерттемесеңіз, онда сіз кәсіби актер не режиссер бола алмайсыз. Кездесу барысында аудиторияға осыны айтқым келді. Маған бұрын да, қазір

де театрда болсын, кинода болсын, ең бастысы, адамның өзі қызық. Әсіресе оның ішкі жан дүниесін, қорқынышын, тағдырын, уайымын зерттеу қызықтырады. Ал зерттеу тәсілі әртүрлі болуы мүмкін» деді Александр Галибин.

Спикер «Студенттерге қандай пайдалы кеңес бересіз?» деген сауалға «Студенттік өмірдің әр минутын мектепте меңгермеген дүниелеріне арнау қажет. Бұл – оқу, көру, үйрену, тыңдау, есту. Бұл – кеңес емес, өмірде белгілі бір жетістікке жеткісі келетін адамның бәрі орындауы қажет дүниелер» деп жауап берді.

Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров қонаққа театр ішіне шағын экскурсия ұйымдастырып, таныстырып шықты.

«Бұл театрда жұмыс дұрыс ұйымдастырылған. Мұнда қызмет ететін адамдарға шығармашылық жағдай жасалған. Менің ойымша, бұл – ең басты дүние. Залға кірген бойда әдемі атмосфера сезіледі» деді ресейлік режиссер.

Сөз соңында ол Астана туралы өз ойымен бөлісті.

«Астанаға бірінші рет келуім емес. Мен бұл қалаға ғашықпын. Елорда маған ұнайды. Ол – талантты жастарға толы жас қала. Менің ойымша, болашақ – соларда» деп сөзін түйіндеді Александр Галибин.



«Алау» мұз айдыны сарайында атақты мөнерлеп сырғанаушы, Олимпиада чемпионы Александр Ягудин шеберлік сағатын өткізді.

«Қазақстанда шеберлік сабағын бірінші рет өткізіп жатқан жоқпын. Бұдан бұрын еліңізге Денис Теннің шақыруымен келіп, бұл сабақты екеуіміз өткізетін едік. Денис әрқашан менің жадымда, Алматыда болғанымда зиратына бардым. Мен балаларды жақсы көремін. Әрине, талантты және таланты кемдеу, бірақ басқа салада өзін көрсететін балалар бар. Мұндай жаттығулар – ұрпақтар арасында көпір іспеттес, оларды байланыстыратын тетік жастарға жаңа биікке шығуға мүмкіндік беретін іс-шара» деді Александр Ягудин.

Оның айтуынша, балаң шағында ол Санкт-Петербург қаласында 1994 жылғы ақ Олимпиада чемпионы Алексей Урмановпен бірге жаттықты. Тәжірибелі спортшы оған кеңес



беріп, үйрететін. Бұл жағдай жас Сашаға шабыт берді.

Бейбітшілік және келісім сарайында Мәскеу үкіметі атынан концерт ұйымдастырылды. Онда танымал эстрада әншісі,

Ресей Федерациясының халық әртісі Дмитрий Маликов, басқа да өнерпаздар өнер көрсетті.

Сабина КӨКІМЖАН,  
Максим УДУД



## КЕМЕЛ ТҰЛҒА КЕЛБЕТІ

Астанада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың 85 жылдығына арналған «Кемел тұлға келбеті» атты халықаралық форум өтті. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

### Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шарада Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

«Әбіш Кекілбаевтың өнегелі өмірі тек жазушылықпен шектелмейді. Ол – мемлекетшіл қайраткер, ел болашағына адал қызмет еткен саясаткер, парасаттылық пен жауапкершіліктің символы. Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушылардың қатарында тұрып,

ол өз бойындағы асқақ рух пен терең білімді ел игілігі үшін сарп етті. Әбіш Кекілбаев бізге болмысы биік тұлғаның қандай болуы керектігін көрсетті. Оның қалдырған өнегесі – мәңгілік. Ендігі міндет – осы мұраны сақтап, дамыту, Әбіш әлемін жаңа заманмен үйлестіру» делінген құттықтау хатта.

Халықаралық форум аясында жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Әбіш Кекілбаев әлемі» атты фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге жазушының қолжазбалары, публицистикалық мақалалары, кітаптарынан 150-ге жуық еңбек, шығармашылық жолын бейнелейтін 20-дан астам фотосурет қойылды. Қаламгердің «Дәурен кешкен» кітабының және түрік тіліне аударылған «Киу» кітабының таныстырылымы өтті. Форум соңында Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық театры Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» әңгімесінің желісімен қойылған спектакльді сахналады.

## АСТАНАЛЫҚ ӘНШІНІҢ АСУЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның эстрадалық вокал бөлімінің әншісі Айдын Жұмабаев Қазан қаласында өткен «Қазандағы Шығыс базары» атты халықаралық фестивалінде жүлделі I орын иеленді.

Атырау облысы Сарытоғай дейтін кішкентай ауылда дүниеге келген Айдын 9-сыныпта оқып жүргенде Халықаралық әйелдер күніне орай мектепте өткен концертте «Вальс королі» Шәмші Қалдаяқовтың көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтің өлеңіне жазылған «Ана туралы жыр» әнін орындап, өнерге деген махаббаты ояңды. Содан кейін «Абай оқуларына» ауданның атынан қатысып, 1-орынды жеңіп алды. Дина Нұрпейісова атындағы музыкалық колледжде оқыды. Сонда оқи жүріп, көптеген концертке, шеберлік сабағына қатысып, өнерін шыңдады. Әсіресе Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Ғафиз Есімовтің дәрісі есінде жақсы сақталды. Атырауда жүрген кезде белгілі композитор Болат Қоқамановтан тәлім алды. Қазақ эстрадасына келуіне себепкер сол кісі болды. Ал Астанада белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сембек Жұмағалиевтен оқыды. Бұған дейін әнші бірнеше халықаралық байқаудың жеңімпазы атанды. Атап айтқанда, Болгария, Чехия, Латвия, Ресей, еліміздегі байқаулардың бас жүлдегері болды.

«Осы жолы өзім қатысқан байқаудың мақсаты – Шығыс елдерінің мәдениетін, халық әндерін дәріптеу, Шығыс елдерін біріктіру. Оған Өзбекстан, Татарстан, Қазақстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Қатар,



Сауд Арабиясы, Африка елдерінің өнерпаздары қатысты. Бұл байқауға баруыма қолдау көрсеткен өзім қызмет етіп жүрген Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның басшысы Ерлан Дәкеновке және көркемдік жетекшісі Гүлмира Құттыбадамоваға үлкен алғысымды білдіремін» дейді Айдын Жұмабаев.